“MENTOR” ӘДІСТЕМЕЛІК ОРТАЛЫҒЫ

ÜZDIK QALAM

№41 (11) 2025

ҚР Оқу ағарту министірлігі
№20-3-20-7/1428-И хатында
тіркелген

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ
ҒЫЛЫМИ-ТАНЫМДЫҚ
ӘДІСТЕМЕЛІК ЖУРНАЛЫ

REPUBLICAN SCIENTIFIC AND
EDUCATIONAL
METHODOLOGICAL JOURNAL

WWW.MENTOR-EDU.COM

«ҮЗДІК ҚАЛАМ» РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ТАНЫМДЫҚ ӘДІСТЕМЕЛІК ЖУРНАЛ ЕРЕЖЕСІ

Мақсаты:

Педагогтердің ғылыми-танымдық әлеуетін дамыту. Басылымы Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігі Ақпарат комитетінде тіркеуге алынып, мерзімді баспасөз басылымын, ақпараттық агенттікті және желілік басылымды есепке қою туралы №KZ49VPY00083149 куәлігі 2023 жылы 04 желтоқсанында берілген, құжатқа сәйкес 2024 жылдан бастап шығарылады.

Кезеңдік басылым: 1 жылда 24 рет, қазақ, орыс және ағылшын тілінде жарық көреді. Журналда Қазақстан Республикасының арнайы және жоғары оқу орындары, мектепке дейінгі ұйым, ЖББОМ педагогтерінің шетелдік ғалымдар, ғылыми-зерттеу мекемелерінің ғалымдары орындайтын (орындаған) іргелі және қолданбалы ғылыми зерттеулердің, эксперименттік әзірлемелердің нәтижелері, сондай-ақ ғылымиақпараттық материалдар және т.б. жарияланады.

ЖАУАПТЫЛАР:
Бас редактор:
Нурбергенова Сауле Турмаганбетовна
Бас редактордың орынбасары:
Давлеткалиева Елизавета Султановна
Редакция алқасы:
Кадирова Зина Кадиркызы
Сулекенова Гульжан Утесиновна
Рысбекова Айнур Маратовна
Муханбедин Аружан Айбаркызы
Меншік иесі: «Mentor» әдістемелік орталығы
(Ақтөбе қаласы)

Редакцияның мекен-жайы: Индексі-030000
Ақтөбе қаласы, А.Молдагулова даңғылы 66/2
Авторлар қолжазбасы, суреттер өңделмейді және кері қайтарылмайды.
Журналда жарияланған материалдары көшіріп немесе өңдеп басу үшін редакцияның жазбаша рұқсаты алынып, сілтеме жасалуы міндетті.
Журналға жинақтарыңызды kalam2025@mail.ru. почта арқылы жіберулеріңізге болады.

МАЗМҰНЫ

Кульбаева Бақыт Сағындыққызы..... 4
Абибулаева Алмагуль Тауекеловна..... 7
Баймұханова Сәния Біржанқызы..... 11
Берентаева Эльмира Қойбағарқызы..... 15
Биржанова Розалина Тлекжановна..... 16
Бисалиева Айнагуль Жаксекеновна..... 19
Досалина Гулназ Агзамовна..... 22
Есенова Жайнагул Бердекешқызы..... 23
Жайтакова Лаура Тулепкереевна..... 27
Жұмағалиева Айгүл Амангелдіқызы..... 28
Исатаева Нургул Ануарбековна..... 32
Нижанова Шара Жумакызы..... 34
Омирзакова Аккенже Мухамеджановна... 36
Омірзақ Аружан Биахметқызы..... 39
Садакбаева Дина Балмухановна..... 42
Саликбаева Айгуль Берикбаевна..... 45
Сармыс Бақыт Қыдыралықызы..... 47
Сарсембекова Гульжанат Сабитовна..... 48
Сергазина Нурсауле Утешевна..... 49
Темирбаев Конысбай Абдулгазимович..... 52
Темирбаева Гаухар Бакытбековна..... 54
Тлеу Мәдина Талғатқызы..... 55
Торгаева Маржан Жумахметовна..... 56
Турымбетова Багдагул Сагынбаевна..... 60
Хасенова Дина Сырымовна..... 62
Шарипбаеава Гулшат Тагабаевна..... 64
Шинарбаева Гульмира Сисенбиевна..... 66
Шпанко Марина Владимировна..... 67

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ КЕҢІСТІКТЕГІ ҒЫЛЫМИ БІЛІМ БЕРУДЕГІ ЫНТЫМАҚТАСТЫҚ ПЕН АКАДЕМИЯЛЫҚ ҰТҚЫРЛЫҚ (БАЙШЕВ УНИВЕРСИТЕТІ ТӘЖІРИБЕСІНЕН)

Кульбаева Бақыт Сағындыққызы
С.Баишев университеті
Жаратылыстану-гуманитарлық ғылымдар ЖМ деканы,
педагогика ғылымдарының кандидаты

Жаһандану жағдайында әлемдік білім беру жүйесі терең трансформация кезеңін бастан өткеруде. Қазіргі жоғары оқу орындары тек білім беруші ұйым ғана емес, сонымен қатар халықаралық ғылыми қауымдастықтың белсенді қатысушысы, инновациялық идеялардың генераторы ретінде қарастырылады. Осы тұрғыда халықаралық ғылыми ынтымақтастық пен академиялық ұтқырлық жоғары білім сапасын арттырудың, ғылыми зерттеулердің тиімділігін күшейтудің және білім алу процесін интернационалдандырудың басты тетігіне айналды.

Қазақстан Республикасы да бұл үрдістен тыс қалған жоқ. Еліміздегі жоғары оқу орындары халықаралық білім кеңістігіне етене еніп, әлемдік университеттермен әріптестік орнатуға ұмтылуда. Сол қатарда Байшев университеті де халықаралық серіктестікті дамытуды өзінің стратегиялық даму бағыттарының бірі ретінде бекітіп отыр. Университеттің халықаралық қызметі білім беру бағдарламаларын жаңғыртуға, ғылыми зерттеу сапасын көтеруге жәнебілім алушылардың жаһандық ортаға бейімделуіне ықпал етуде.

Халықаралық ынтымақтастық – жоғары білімді интернационалдандырудың негізгі құрамдас бөлігі. Ол университеттердің ғылыми-білім беру әлеуетін күшейтіп, олардың әлемдік академиялық қауымдастықтағы беделін арттырады. Баишев университетінде болашақ мамандарды даярлауда халықаралық серіктестік пен академиялық ұтқырлықты ұйымдастыратын *Халықаралық байланыс департаменті* қызмет атақрады. Академиялық ұтқырлықты жүзеге асыру үшін университеттің құрылымдық бөлімшелері: Тіркеу кеңсесі, халықаралық байланыстар бөлімі, жоғары оқу орындары, кадрлар бөлімі, қаржы департаменті, академиялық департамент және т.б. ынтымақтасады.

Халықаралық серіктестіктің негізгі бағыттары мыналар болып табылады:

1. Бірлескен ғылыми зерттеулер жүргізу;
2. Оқытушылар мен білімалушылардың академиялық алмасуы;
3. Халықаралық ғылыми конференциялар, семинарлар өткізу;
4. Бірлескен білім беру бағдарламаларын әзірлеу;
5. Шетелдік университеттермен стратегиялық әріптестік орнату.

Академиялық ұтқырлық университеттің халықаралық қызметінің маңызды бағыттарының бірі болып табылады және студенттердің, оқытушылардың және қызметкерлердің білім сапасын арттыруға және ғылыми-зерттеу жұмыстарының тиімділігін арттыруға, олардың кәсіби, мәдени және білім деңгейін көтеру, басқару жүйесін жетілдіру, сыртқы және ішкі интеграциялық байланыстарды орнату, Бәйішев атындағы университетті дамыту бағдарламасының миссиясын орындау. Академиялық ұтқырлықты қамтамасыз ету мен енгізудің мақсаттары, міндеттері және жалпы ережелері Болон декларациясының негізгі қағидаттарына сәйкес келеді. Академиялық ұтқырлықты жүзеге асыру үшін Бәйішев университеті жасалған келісім-шарттар, келісімдер, меморандумдар және басқа да келісімдер негізінде Қазақстанның және шетелдің

жоғары оқу орындарымен ынтымақтастық жасайды.

Байшев университеті осы бағыттардың барлығында нақты нәтижелерге қол жеткізіп келеді. Университет соңғы жылдары Ресей, Түркия, Оңтүстік Корея, Қытай, Польша, Литва, Венгрия, Қырғызстан, Өзбекстан, Сербия және басқа да елдердің жоғары оқу орындарымен ынтымақтастық туралы келісімдер жасаған. Бұл серіктестік шетелдік оқу орындарымен ғылыми байланыстарды нығайтып қана қоймай, университеттің халықаралық деңгейдегі көрінуін арттырады. Жасақталған келісім шарттар негізінде оқу орнында онлайн және офлайн форматта дөңгелек үстелдер, қонақтық дәрістер, семинарлар өткізіліп тұрады. Сонымен қатар, білім алушылар мен оқытушылардың белгілі бір кезеңге шетелдік немесе отандық серіктес университеттерге оқу немесе сабақ беру мақсатында, орын ауыстыруы, яғни академиялық ұтқырылық бойынша жұмыстар жүргізіледі. Бұл үдеріс халықаралық білім беру стандартына сәйкес келетін кадрларды даярлауда шешуші рөл атқарады.

Академиялық ұтқырлықтың артықшылықтары:

- Білім алушылардың кәсіби және мәдени көкжиегін кеңейтеді;-
- Жаңа білім беру технологияларымен танысуға мүмкіндік береді;
- Халықаралық тәжірибе жинақтауға жағдай жасайды;
- Әлемдік университеттермен байланыс орнату мүмкіндігін арттырады;
- Еңбек нарығында сұранысы жоғары мамандарды даярлауға ықпал етеді.

Білім алушылардың семестрлік ұтқырлығы бойынша жыл сайын университет білім алушылары Түркия, Ресей, Польша сияқты елдерде және отандық жоғары оқу орындарында семестр бойы білім алады. Алынған кредиттер толық көлемде қайта тіркеледі. Академиялық ұтқырлық – студенттердің немесе ғылыми-зерттеу факультетінің белгілі бір академиялық кезеңге: семестрге немесе оқу жылына басқа жоғары оқу орнына (ел ішінде немесе шетелде) оқу немесе зерттеу жүргізу үшін қозғалысы. Академиялық ұтқырлықтың виртуалды, сыртқы, ішкі, халықаралық (кіру), топпен (ұжымдық), кредиттік, жеке, ұзақ және қысқа мерзімге дайындалған түрлеріне бағдарламалар дайындалып, оқу-тәрбие үрдісін қамтиды.

Түркия еліндегі**,** Токат университетінде Газиосманпаша оқып келген «Шет тілі: екі шет тілі» білім беру бағдарламасының білім алушысы ***Айтчанова Аружан,*** «Орыс тілі және әдебиеті» білім беру бағдарламасының 1 кус білім алушысы ***Распаева Гульмира, Жиенбаев Бакытжан*** Акмулла атындағы Башқұрт мемлекеттік педагогикалық университетінде тәжірибе жинақтап, басқа оқу орнынынң оқу-тәрбие үрдісімен танысып, ой-өрісіні кеңейтіп келді. 2025-2026 оқу жылында педагогикалық мамандықтар мен техникалық мамандықтар бойынша 34 білім алушы Отандық жоғары оқу орындарына академиялық ұтқырлық бойынша жолданды.

Университетке шетелдік профессорлар дәріс оқуға жиі шақырылады. Сонымен қатар, Байшев университетінің оқытушылары да шетелдік университеттерде дәріс оқу мүмкіндігіне ие. Тюмен индустриялдық университетімен дайындалған меморандум негізінде А.А. Кулемин 7 М01711 Қазақ тілі және әдебиеті, 7М01711 Шет тілі: екі шет тілі магистранттарына «Академиялық жазба. Мақаланы қалай жазу керек?» пәнінен қонақтық дәріс, халықаралық ұтқырлық аясында ЕС Erasmusplus «Білім және кітапхана» ұлттық университетінен Рената Цесельский- Кручек (Краков, Польша) дөңгелек үстелге қатысып, өз тәжірибесімен бөлісті. Малайазия Теренгтану университетінің профессоры

Абдула Азиз магистарнттар мен бакалавр білім алушыларына «**Оқу-тәрбие үрдісіндегі жасанды интеллекттіні пайдалану**» тақырыбында дәріс оқыды.

Магистранттар шетелдік ғылыми орталықтарда ғылыми тағылымдамадан өтіп, заманауи зерттеу әдістемелерін меңгеруде. 2024-2025 оқу жылында Республикамыздағы Х. Досмухамбетов атындағы Атырау, БҚИТУ (Орал қ.) оқу орындарымен келісім шарт жасалып, магистранттар ғылыми –зерттеу тағылымдамасыннан 67 магистрант өтіп келді. 2025-2026 оқу жылына Ресей мемлекетіндегі ТИСБИ және отандық БҚИТУ (Орал қ.) жоғары оқу орындарыннан 20 магистарнттардың ғылыми-зерттеу бағдарламасынан өтуді жоспарлап отырмыз.

Университет бірнеше халықаралық гранттық жобаларға қатысып, білім беру үдерісін жаңғыртуға үлес қосып келеді.

Университеттің ғылыми әлеуетін арттырудағы маңызды фактор – халықаралық зерттеу жобаларына белсенді **“Erasmus+, DAAD сияқты бағдарламаларға қатысу**ды да қолға алынып жатыр.Университеттің ғалымдары бірнеше мәрте ғылыми жобалар сайысына қатысып, қаржылық гранттар ұтып алды. Байшев университеті келесі бағыттарда шетелдік әріптестермен бірлескен зерттеулер жүргізуде:

- педагогика және цифрлық білім беру технологиялары;
- өңірлік экономика және кәсіпкерлік;
- экология және табиғатты қорғау;
- ақпараттық технологиялар және жасанды интеллект.

Бұл зерттеулердің нәтижелері халықаралық ғылыми журналдарда жарияланып, университеттің ғылыми беделін арттыруда.

Университет жыл сайын шетелдік ғалымдардың қатысуымен Халықаралық ғылыми іс-шараларды ұйымдастырып отырады:

- халықаралық ғылыми-практикалық конференциялар;
- вебинарлар және семинарлар;
- жас зерттеушілер форумдары;
- профессорлармен ашық дәрістер өткізеді. Бұл іс-шаралар студенттер мен жас ғалымдардың ғылыми ой-өрісін кеңейтіп, халықаралық ғылыми ортаға енуіне жол ашады. Алдағы уақытта Халықаралық серіктестікті дамыту жұмыстарын ұйымдастыру барысында кедергілер кездеседі:

1. Қаржыландырудың жеткіліксіздігі.
Халықаралық ұтқырлық шығындары жиі студент пен оқытушының өз мойнына түседі.

2. Тілдік дайындықтың жеткіліксіздігі.
Ағылшын тілі деңгейі халықаралық мобильділікке қатысуға кедергі келтіреді.

3. Академиялық бейімдеу мәселелері.
Білім алушылар жаңа оқу жүйесіне үйрену барысында қиындықтар сезінеді.

Визалық және құқықтық рәсімдеу күрделілігі.

Шешу жолдары:

- университетте тілдік курстарды күшейту;
- гранттық бағдарламаларға қатысу үлесін арттыру;
- шетелдік серіктестермен бірлескен онлайн оқыту форматтарын дамыту;
- студенттерге визалық және құжаттандыру мәселелері бойынша кеңес беру орталығын құру.

Байшев университетінің халықаралық ынтымақтастық пен академиялық ұтқырлық саласындағы тәжірибесі оның білім беру сапасын арттыруға және халықаралық ғылыми ортада өз орнын табуға бағытталған стратегиялық маңызды бастама болып табылады. Университеттің шетелдік ЖОО-лармен әріптестігі, бірлескен ғылыми жобалары, академиялық алмасу бағдарламалары білім беру жүйесін жетілдіруге айтарлықтай үлес қосады. Халықаралық интеграцияны одан әрі дамыту университеттің бәсекеге қабілеттілігін арттырумен қатар, студенттер мен жас зерттеушілердің

жаһандық білім кеңістігіне еркін енуіне мүмкіндік жасайды.

Пайдаланылған әдебиеттер

1.Положение об академической мобильности обучающихся, ппс и сотрудников. смк п 202.5-2023г.

2.Республики Казахстан «Об образовании» от 27 июля 2007 года, № 319-III.

3. Закона Республики Казахстан «О науке» от 18 февраля 2011 года № 407-IV

4. https://korkyt.edu.kz/page/35

3. Академиялық ұтқырлық: білім мен тәжірибенің алаңы.

https://qazaq1913.com/2024/07/17/akademijaly-t-yrly-bilim-men-t-zhiribeni-ala-y/

СЮЖЕТТІ- РӨЛДІК ОЙЫНДАРДЫ ЖҮРГІЗУ ТАЛАПТАРЫ

Абибулаева Алмагуль Тауекеловна
«Қасиет-АБИ» ЖШС-нің «Балдырған» балабақшасының тәрбиешісі

Сюжетті-рөлдік ойын – мектеп жасына дейінгі балалардың сөйлеу тілін дамытуға және жалпы тұлғаның қалыптасуына оң әсер ететін ойынның негізгі түрі.

Рөлдік ойындар ересектердің кәсіби іс-әрекетін көрсетеді. Бұл ойындарда балалар жасампаздық процесін игереді, өз жұмысын, рөлін жоспарлауды үйренеді, сюжетті ауызша келіседі, рөлдерді бөледі, атрибуттарды таңдайды, белсенді және пассивті сөздік қорларын пайдалана отырып, пікірталасқа түседі, алған білімдерін бекітеді. бақылаулар мен экскурсиялар кезінде.

Рөлдік ойындарды дамытудағы тәрбиешінің рөлі.

Рөлдік ойындар мектеп жасына дейінгі балалар үшін ең типтік ойындар болып табылады және олардың өмірінде маңызды орын алады. Сюжеттік-рөлдік ойынның ерекшелігі - оны балалардың өздері жасайды, ал олардың ойын әрекеті айқын әуесқойлық және шығармашылық сипатта болады. Бұл ойындар қысқа мерзімді немесе ұзақ мерзімді болуы мүмкін. Ойынның бұл түрін басқару үлкен шеберлікті, педагогикалық әдептілікті талап етеді. Педагог ойынды бұзбай бағыттап, балалардың ойын әрекетінің әуесқойлық, шығармашылық сипатын сақтауы керек. Педагог ойын ұғымына және оның дамуына әсер етеді, балалардың өмірінің мазмұнын байытады: олардың ересектердің жұмысы мен өмірі, адамдар арасындағы қарым-қатынас туралы түсініктерін кеңейтеді. Бұл әдістердің барлығы ойынға тікелей әсер етпей, балалардың оның мазмұнын алатын қайнар көздерін тереңірек ашуға, олардың рухани дүниесін байытуға бағытталған. Дегенмен, балалардың білімі мен түсінігін кеңейтуде модерацияны сақтау қажет. Тәрбиеші асықпау керек, балаларды әңгімелесу, экскурсия, әңгімелер және т.б. кезінде үйренгендерін ойында тез жаңғыртуға ынталандыру керек. Ойында қоршаған ортаны бейнелеу мазмұнды тікелей жаңғыртуды білдірмейді, тек балалардың санасында біраз уақыт сақталады.

Ойындағы тәрбиешінің рөлі оның түсінігінің дамуына, мазмұнының кеңеюіне, ойын әрекетінің, рөлдерінің нақтылануына, достық қарым-қатынастың көрінуіне ықпал етеді.

Тәрбиеші бұл қарым-қатынастардың бекітіліп, балалар арасындағы және ойыннан тыс шынайы қарым-қатынасқа айналуын қамтамасыз етуге ұмтылуы керек. Педагог тәрбиелік ықпалды балалардың орындайтын рөлдері арқылы көрсетеді. Мысалы, ол дүкен

меңгерушісінің рөлін ойнайтын баладан кассаның қайда екенін, кассир кім екенін, дүкенде неліктен белгілі бір өнім жоқ екенін, сатып алған заттарды кім орап алатынын сұрайды, тұтынушылардың алғысын білдіреді. сатушы, ал сатушы оларды қайтадан дүкенге келуге сыпайы түрде шақырады.

Ойын пайда болып, дамудың жоғары сатысына өтуі үшін оны сауатты ұйымдастыру қажет. Педагог балалар тобында ойын ұйымдастырудың ерекшеліктерін білуі керек. Бұл үшін педагогика мен ойын психологиясы біліміне негізделген үлкен өнер, кәсіби шеберлік пен балаларға деген сүйіспеншілік қажет.

Мектеп жасына дейінгі балаларға арналған рөлдік ойындарды басқару тәрбиеші бұл ойындардың тақырыптарының кеңеюіне әсер етеді, мазмұнын байытады және балалардың рөлдік ойындарды меңгеруіне ықпал етеді деп есептеймін.

Теориялық тұрғыдан балалардың рөлдік ойындарына жетекшілік етудің әртүрлі тәсілдері болды. Олардың бірі Р.И.Жуковскаяның, Д.В.Менджерицкаяның еңбектерінде берілген және келесі компоненттерді қамтиды:

- ойындардың мазмұнын байыту, жаңа әңгімелерге қызығушылық тудыру;
- балалардың өмірлік тәжірибесін байыту, балалардың білімін толықтыру;
- байытатын өмір мен ойын тәжірибесін ескере отырып, ойын ортасын уақтылы өзгерту;
- ойын кезінде ересек адам мен балалар арасындағы қарым-қатынасты белсендіру, балалардың ойын мәселелерін шешудің жаңа тәсілдерін ынталандыруға және өз бетінше қолдануға, ойында өмірдің жаңа аспектілерін көрсетуге бағытталған.
- бастаманы қолдау қабілеті, балалардың өз бастамасы бойынша ойын ұйымдастыруға ұмтылысы.

Көшбасшылықтың ең тиімді жолы – тәрбиешінің өзі ойынға қатысуы. Ол ойнайтын рөл арқылы ойынның мазмұнының дамуына әсер етіп, оған барлық балаларды, әсіресе ұялшақ балаларды қосуға көмектеседі. Күні бойы топта бірнеше ойындар пайда болады: «Отбасы», «Балабақша», «Автобус», «Пойыз», «Автокөлік» және т.б. Олар бір-бірімен байланысқан сияқты: автобуспен немесе көлікпен балабақшаға, үйге және театрға баруға болады. Балалар шағын топшаларға бірігеді, кейде ойынға барлығы қатысады. Педагог балалармен ойнап, кеңес береді. Жігіттер белсенді және жүргізуші, жүргізуші, машинист рөлдерін өз еркімен атқарады.

Мүмкін, ең сүйіктісі - күнделікті оқиғаларға негізделген ойындар. «Отбасылық» ойындарда тәрбиелік мәні жағынан ең құндысы – бұл балалардың ата-аналарына, балаларына және құрдастарына деген адамгершілік сезімдерін сезінуіне мүмкіндік береді. Балалар сәбилерге үлкен қызығушылық танытады. Бірақ барлық балаларда нәрестеге күтім жасау туралы түсінік жоқ, кішкентай балаға күтім жасау үшін жасалған әрекеттерді көрсетпейді және оған қамқорлық көрсетпейді. Мұндағы тәрбиешінің міндеті – ойынды баланың дамуына оң әсер ететін мазмұнмен байыту. Тәрбиеші ойыншыларды баланы қарауға шақырады, өйткені анасы жұмысқа кеткен. Ойынның сюжетін ықыласпен қабылдай отырып, балалар қуыршақты төсекке жатқызады, тамақ әзірлейді, киімдерін үтіктейді.

Тәрбиеші балаларды ойыншықтармен әрекет етуге, отбасы мүшелерінің рөлін алуға, қажетті материалдарды таңдауға жүйелі түрде үйретуі керек. Педагог балаларды отбасы ішілік қарым-қатынасты балабақшадан тыс уақытта меңгеретінін ескере отырып, күнделікті өмірдің жағымды жақтарымен таныстырады. Балалардың тәжірибесін анықтау үшін

мұғалім әңгіме жүргізеді. Кішкентай іні-қарындастары барлардан олардың қалай қамқорлық жасайтынын айтып беруін сұрайды. Түрлі өлеңдері және басқа да шығармалары ойында үлгі болады. Әңгіме баланың қиялына серпін береді және отбасылық ойын сюжеттерінің әртүрлі нұсқаларын табуға көмектеседі.

Күнделікті ойын балалардың адамгершілік, жауапкершілік және достық сезімін дамытуға ең алдымен әсер етуі үшін тәрбиеші оған тәрбиелік қажетті аспектілерді үлгі етіп, енгізуі керек.

Көптеген ойындардың тақырыбы - балабақшадағы балалардың өмірі. Педагогтың рөлі балалардың білімі мен тәжірибесін байыту және балабақша қызметкерлерінің жұмысын көрсететін рөлдерді ойнауға қызығушылықты дамыту болуы керек. Ойынды бақылай отырып, мұғалім белгілі бір рөлді қалай жақсы орындау керектігін айтады және жаңадан енгізілген ойыншықтармен ойнайды. Балалар қуыршақтармен «балабақшада» ойнағанда, тәрбиеші сабақ барысында қуыршақтарға кітап оқуға және суреттерді көрсетуге болатынын ұсынуы керек. Осылайша балалардың кітапқа деген қызығушылығы кеңейіп, білуге құмарлығы дамиды. Олар оқу іс-әрекетінде дағдыларды игереді: тәрбиешіні мұқият тыңдауға, оның нұсқауларын орындауға, көмекке жүгінуге, өз жұмысының нәтижесін бағалауға үйренеді.

Бұл жастағы балалар «көлік» және «автокөлік» ойындарында адамдардың өндірістік әрекеттерін көрсетеді. Бұл ойындар тәрбиешінің де рөлін талап етеді. Көліктермен ойындар әдетте шулы шу ретінде өтеді. Тәрбиеші ойынды дамыта отырып, бір нүктеден екінші нүктеге жүк таситын жүргізуші рөлін тартымды етуге тырысады. Осы мақсатта ол құрылыс алаңына экскурсия жасағанын есіне алады, онда балалар көліктердің құрылыс материалдарын қалай тасымалдайтынын және олардың қалай түсірілгенін тамашалады. Педагог балалардың экскурсиядан алған әсерін көлікпен ойнайтын ойындарымен байланыстырады.

Ойынды балалардың іс-әрекеті ретінде қалыптастырғанда, ол бағдарлама талаптарына сәйкес мазмұнмен қанық болуы керек. Рөлдік ойындарды дамытуда тәрбиешінің рөлі зор.

Қорытынды: рөлдік ойындар бос уақытты өткізу ғана емес, мектепке дейінгі жастағы дамудың негізгі тетігі. Ол таптырмас құрал ретінде қызмет етеді:

Әлеуметтену: ересектер әлемінің нормаларын, ережелерін және рөлдерін үйрену.

Психикалық дамуы: ойлауды, қиялды, сөйлеуді ынталандыру.

Эмоциялық интеллект: эмпатияға, сезімдерін білдіруге және өзін-өзі реттеуге үйрету.

Ойын арқылы балалар қоршаған әлемді зерттейді, басқалармен қарым-қатынас жасауды үйренеді, мектепте және кейінгі өмірде табысқа жету үшін қажетті дағдыларды дамытады.

Сюжетті-рөлдік ойын: «Цирк»









«ҮЗДІК ҚАЛАМ» РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ТАНЫМДЫҚ ӘДІСТЕМЕЛІК ЖУРНАЛ
REPUBLICAN SCIENTIFIC AND EDUCATIONAL, METHODICAL JOURNAL
РЕСПУБЛИКАНСКИЙ НАУЧНО-ПОЗНАВАТЕЛЬНЫЙ, МЕТОДИЧЕСКИЙ ЖУРНАЛ

МУЗЫКА ПӘНІН ОҚЫТУДА ВОКАЛ – ХОР ӘРЕКЕТІНІҢ ТИІМДІ ӘДІСТЕРІ

Баймұханова Сәния Біржанқызы
Алматы қаласы «К. Байсейітова атындағы дарынды балаларға арналған РММОМИ» Хормен дирижерлеу бөлімінің педагогы

Аннотация

Бұл баяндамада музыка пәнінде тиімді әдістерді пайдалану арқылы сабақтарды жаңаша ұйымдастыру, теориялық, ғылыми – педагогикалық және психологиялық зерттеулерге сүйене отырып, оқушылардың құзыреттілігін қалыптастыру әдістері туралы мәліметтер берілген. Сонымен қатар музыка пәнін оқытуда музыка теориясы, музыканы оқытуды ұйымдастыру формалары, вокал – хор әрекетінің оқыту әдістері қарастырылды.

Дарынды балаларға арналған музыка пәнінде тиімді әдістерді пайдалану арқылы сабақтарды жаңаша ұйымдастыру, мұғалімнің рөлі мен қызметінің артуына жағдай жасау, теориялық, ғылыми – педагогикалық және психологиялық зерттеулерге сүйене отырып, оқушылардың құзыреттілігін қалыптастыру, ақпараттық технологиялар мен инновациялық оқыту әдістері арқылы оқушыларды ізгілікке, елжандылыққа, саналыққа, адамгершілікке, имандылыққа, еңбексүйгіштікке тәрбиелеу өзекті.

Музыка сабағы – музыкалық білім беру үрдісін ұйымдастырудың негізгі формасы. Музыка сабақтары мұғалімнің жоғары музыкалық-педагогикалық даярлығын, оқушылардың педагогикалық-психологиялық ерекшеліктерін, музыка сабақтарын ұйымдастырудың бұған дейін белгілі болған амал-жолдарын үйренуді, оның жаңа үлгілерін зерделеп, сөйтіп музыка сабақтарын оқыту тәжірибесін үнемі жетілдіріп отыруы қажет. Музыка пәні мұғалімінің сабақтарды өткізуді жоспарлауда басты екі кезеңді, яғни оқу пәнін жүргізудің жалпы және әрбір сабақты жеке өткізуге даярлауды жүзеге асырады. Жалпы даярлық кезінде мұғалім оқушылардың пәнге деген қызығушылығын, қарым-қатынасын, бейімділіктерін және музыкалық оқу деңгейлерін зерттейді. Келесіде оқу бағдарламасының, оқу материалының мазмұнын, білімділік, тәрбиелік маңызын анықтайды. Соның негізінде бағдарламадағы оқу материалдарын жартыжылдықтарға біріктіріп, күнтізбелік-тақырыптық жоспар құрады. Ондай жоспарды құруда міндетті түрде оқу үрдісін ұйымдастыру формалары (экскурсия, семинарлар, практикалық сабақтар және т.б.) және білім, оқу дағдысын қалыптастыру немесе бақылау, түзету, тарату сияқты сабақ түрлері алдын ала ескеріледі. Сондай-ақ оқу-техникалық базасының (оқу кабинеті, кернекіліктер, көру-есту құралдары, музыкалық аспаптар және т.б.) жағдайы да есепке алынғаны дұрыс. Музыка пәні мұғалімінің әрбір жеке сабақты жоспарлауы едәуір ізденісті, шығармашылықты талап етеді. Бұл жұмыстың алғашқысында оқу материалының мазмұны зерделенеді. Әрине, мұғалім тек бағдарламада қарастырылған оқу материалымен тоқталмай, әдістемелік оқулықтарда, көмекші құралдарда берілген дидактикалық материалдарды терең меңгеруі тиіс және оқушылардың музыкалық тәлім-тәрбиесін жетілдірудің тиімді жолдарын анықтауы қажет. Музыка пәні мұғалімі сабақты жоспарлау алдында, ең алдымен оқушылар белгілі бір тақырыпты зерттеу барысында, есте сақтау, түсіну (ережелер, оқиғалар, материалдың

мазмұны және т.б.), оқу дағдылары (музыкалық шығармаларды орындау, тыңдау, айту және т.б.) және алған білімдерін түрлі жағдаяттарда қолдану сияқты нәтижелерге қол жеткізуін нақтылап алғаны жөн. Жеке сабақтарды ұйымдастыру күнтізбелік-тақырыптық жоспардың негізінде іске асады. Тақырыпқа байланысты сабақтың білімділік, дамытушылық, тәрбиелік мақсаттары анықталады, сабақтың типі және құрылымы ойластырылады.

Бүгінгі күні жаңашыл әдістермен оқыту арқылы оқушының ойлау қабілетін арттырып, ізденушілігін дамытып, құзыреттілігін қалыптастыру, шынайы дереккөздерінен мәліметтермен жұмыс жасау негізгі мақсат болып айқындалады. Музыка пәнінде жаңаша әдіс-тәсілдер арқылы мектептегі сабақтарды жаңаша ұйымдастыру, мұғалімнің рөлі мен қызметінің артуына жағдай жасау, теориялық, ғылыми-педагогикалық және психологиялық білімге сүйене отырып, оқушылардың құзыреттілігін қалыптастыру, ақпараттық технологиялар мен оқыту әдістерін қолдана отырып, оқушыларды ізгілікке, елжандылыққа, саналыққа, адамгершілікке, имандылыққа, еңбексүйгіштікке тәрбиелеу. Инновациялық әдіс-тәсілдерді баланың білім деңгейіне және жас ерекшелігіне қарай оқу үрдісінде қолдану негізгі шарты болып табылады. Осындай жолмен қалыптасқан білімнің танымдық маңызы да зор. Осы бағытарда сабақты түрлендіруде ақпараттық технологияларды пайдалана отырып сабақты жаңаша түрде ұйымдастыруды жүзеге асырудамын. Мысалы: Интерактивтік тақтамен жұмыс, мультимедиалық көрініс, жаңаша тапсырмалар арқылы сабақты түрлендіре отырып өткізуді жоспарладым. Жас ұрпаққа эстетикалық тәрбие беріп, олардың бойына туған жеріне, халқына деген адамгершілік пен сүйіспеншілік сезімдерін сіңіруде ұлттық музыка мәдениетінің алатын орны ерекше. Сондықтан халқымыздың осы мақсатын қайта жандандыру мақсатында балаларды қабілетіне қарай жыраулық өнерге, терме айтуға , шешендікке тапқырлыққа , айтыс өнеріне үйрету басты бағыттардың бірі. Оқыту мен тәрбиелеудің әдіс-тәсілдерін, жаңашыл педагогтардың әдістемелерін біліп қана қоймай, оны әркім өз мүмкіндігінше күнделікті сабақта пайдалану қажет. Сонда ғана сабақ нәтижелі болып білім сапасы көтеріледі.

Музыка пәнінің басқа пәндерге қарағанда көптеген өзіндік ерекшеліктері бар. Мұнда негізінен оқушының қабілеті, бейімділігі баса назарда болуы қажет. Дегенмен оқушыларды бейімдеу, қабілетін дамыту, музыкаға деген қызығушылығын арттыру – жақсы ұйымдастырылған сабаққа тікелей байланысты. Сондықтан оқушылардың пәнге қызығушылығын арттыру мақсатында тақырыпқа байланысты музыка түрлерінің шығу тарихы, дамыған елдерде музыка түрлері, музыка саласындағы белгілі композиторлардың өмірімен, Қазақстандағы және әлем елдеріндегі композиторлармен, музыка жұлдыздары туралы толық ақпараттар беріп отыру қажет. Сонымен бірге оқушыларға бұқаралық ақпарат құралдары, журналдардың тағы басқа, әлем елдеріндегі атақты композиторлар жайлы және мәдени жаңалықтарға шолу жасап отыру қажет. Осы тұрғыда оқушылар атақты композиторлардың жетістіктерге жетудегі еңбектерімен таныса отырып, өздері де, сабақта әр тапсырманы белсенділікпен орындауға ұмтылады. Оқушылардың қызығушылығы, белсенділігі жоғарлауы сабақта білім сапасына әсер етері сөзсіз. Содықтан да оқушы белсенділігін арттырып, білім сапасын көтеретін, ойлауға үйретін ол жаңашыл әдіс-тәсілдер. Барлық оқушы оқуда ең төменгі жеңіл тапсырмаларды орындаудан бастайды да, оларды міндетті түрде толық орындап болғаннан кейін ғана, келесі күрделі деңгейдегі тапсырмаларды орындауға көшіп отырады. Бұл оқушылар арасында бәсекелестікті және оқушының өз қабілетіне, оқуына сәйкес жоғары деңгейге көтерілуіне жағдай жасалады. Өтілетін

тақырыптар бойынша қызықты сергіту ойындарын ойнатудың да сабақ сапасын көтеруге ықпалы көп. Атап өтсек: кім шапшаң?, әуенді тап, сөз жұмбақтар т.б сонымен қатар ұлттық музыка әлеміне байланысты сабақты түрлендіріп өткізуге жаңаша технологияларды қолданудың орны ерекше.

Соңғы жылдары қалыптаса бастаған көзқарас бойынша шынайы музыкалық әрекеттерге композитордың, орындаушының, тыңдаушының әрекеттерін жатқызады. Қазіргі кезде әбден сұрыпталған бырақ әлі де талқылауларды қажет ететін оқушылардың төмендегідей музыкалық әрекеттерін атауға болады:

- музыка тыңдау; оны орындау: вокалды, хормен, жеке дауыста, музыкалық аспаптарда;
- музыка жазу сияқты барлық түрлерін қамтитын оқушының жеке музыкалық әрекеті;
- Музыкалық-теориялық әрекеті;
- Өткен, қазіргі музыкалырдың жай-күйінен мағлұмат беретін, оқушылардың музыка туралы білімінің танымдық жағын арттыратын музыкалық-тарихи әрекеті;
- Музыкалық хабарлар (білімпаз) көпбейнелі әрекеті;
- Жинама түрдегі музыкалық әрекет.

Жеке музыкалық әрекет Музыка тыңдаудың негізгі мақсаты оқушының музыканы тыңдай білу, қабылдау мәдениетін қалыптастыру. Бұл деп отырғанымыз ең алдымен:

а) Жинақталған тәжірибе бойынша халықтық, классикалық, қазіргі отандық және шетелдік көркемдігі жоғары музыка үлгілерімен қатынас орнату.

ә) Музыка өнерінің жанры, стилі, формасы жайында бұрыннан жинақталған білімге сүйене отырып музыканың мағаналы-көркемдік мазмұнына терең бойлап, сезіммен қабылдай білу керек.

Музыкалық орындаушылық әрекет музыка сабағының ажырамас бөлігі болып табылады. Ол оқушыға музыканың орындаушылық табиғатын ашуға, музыкамен айналысқан сәтте оны танып, біле алатын музыкант ретінде сезінуге көмектеседі. Оқушылардың орындаушылық мәдениетінің төмендегідей негізгі көрсеткіштері бар:

- арнайы бір орындаушылық әрекеттің түріне ғана қажеттілік, қызығушылық, ынта таныту;
- орындаушылыққа шығармашылық әрекеті ретінде қарау;
- туындының әуендік, орындаушылық сапасына өзіндік көзқарасын білдіру;
- шығарманың жанрын, стилін, мазмұнын қамтитын орындаушылық білім, икемділік, дағдыларды игере білу.

Музыка сабақтарындағы орындаушылық әрекет: хормен, жеке, ансамбльмен ән салу, музыкалық аспаптарда ойнау сияқты негізгі түрлері арқылы іске асады.

Вокал – хор әрекеті: бұл әрекет оқушы тұлғасын қалыптастырудағы жалпы музыкалық мәдениеттің маңызды бір бөлігі болып саналады. Вокалды-хорлы оқыту мен тәрбиелеудің мазмұнына кіретіндер: әншілік дауыс ырғағымен оны сақтауды, қорғауды білу жөніндегі арнайы жүйелер; хордағы ән салу тәртібі, вокалды-хорлы икемділік пен дағдылар, оқушыларды музыкалық-шығармашылыққа оқыту тәжірибесі, музыкаға және қоршаған ортаға деген сезімдік-эстетикалық тәжірибе және т.б. Оқушылардың вокалды-хорлы мәдениетін қалыптастыруда, халықтық, классикалық және қазіргі музыкалырды қамтитын ұжымдық хор репертуарын дұрыс қоя білу де үлкен рол атқарады. Вокалды-хорлы жұмыстар мазмұнына әуенділікті, әншілік қаблетін, вокалды-хорлы техникаларды дамытуға бағытталған жаттығулар мен шынықтырулар жүйесі жатады.

Вокалды-хорлы орындаудың екі формасы бар:

- сүйемелдеусіз ән салу;
- сүйемелдеумен ән салу.

Мұғалімнің қызметіндегі маңызды бағыттың бірі – балаларды көпүділік ән салуға үйрету. Балаға көпдауысты ән салудың икемдіктері мен дағдыларын игертуде көптеген музыкант-педагогтар бірінші кезеңде үйрету керек деген көзқарасты жақтайды. Кейбір педагогтар көпдауыстылық ән салуға үйретуді конондық негіздерге сүйенсе, енді біреулері қосалқы дауысқа сүйенеді.

Вокалды – хорлы жұмыстарды ұйымдастырған кезде балалардың әншілік дауысының негізгі даму кезеңдеріне көңіл қою керек. 7 - 10 жас – бастауыш мектеп жасындағылар: балалық дауыс кезеңі; 10 – 12 жас – дауыс өзгерісі алдындағы кезең (организмде биологиялық, физиологиялық өзгерістер жүре бастайды); 13 – 15 жас - өзгерістік кезең; 16 – 18 жас - өзгерістен кейінгі кезең. Бұл балалардың физиологиялық ерекшелігіне қарай әр балада әр түрлі бірақ міндетті түрде жүретін биологиялық даму процесі. Музыка пәні мұғалімі осы кезеңдерді жақсы біліп, балалардың физиологиялық даму барысында мұқият болғаны жөн.

Вокалды – хорлы жұмыс барысында оқушының әншілік дауысына ерекше көңіл аударылады. Оның негізгі қасиеттеріне жататындар: дыбыстық және динамикалық диапазон, тембірдің сапасы, дикция. Отандық ғалымдардың еңбектерінде бала дауысы өзгерісінің әр түрлі кезеңдерінде әншілік дауыс үнінің сапалық жағы артады. Бірақ бұл кезде дауыс аппараттарының гигиенасын сақтай отырып әншілік орындаушылық сабақты өткізгенде аса қатты жүктемелі режимде өткізбеген дұрыс дейді көптеген ғалымдар. Өзгермелі кезеңнің алғашқы сатысында дауыс диапазонының жоғарғы шеткі дыбысы жоғалады. Ұл балаларда кіші октава 30 дыбыстарының пайда болуымен қатар диапазонның ұлғайюы байқалады. Ән айтқан кезде қырылдау, аздап жөтелу, сырылдау сияқты дыбыстар пайда болады. Дауыс үнділігі, жеңілділігі жоғала бастайды да жуандай түседі. Өзгерістік кезеңде осы айтылғандар үдей түседі. Қырылдаған дауыс күшейеді. Сәбилік үннің жұмыс диапазоны жіңішкереді. Балалар өте сақ және баяу түрде ән сала бастайды, тез шаршайды. Ұлдардың дауысы «сына» бастайды. Олар екі дауыста төменгі сәбилік үнмен және еркектін дауысқа жақын ән салғандай болады. Ал қыз балалардағы өзгеріс жеңіл түрде өтеді. Қыздардың дауысы жуандап, орталық диапазонда дыбыс күшінің төмендеуімен сипатталады. Өзгерістен кейінгі кезеңде дыбыстау аппараттарының жұмысы қалыпқа түсе бастайды. Нотамен орындау екі түрлі тапсырма бар:

- абсалюттік сольмизацияға негізделген нотамен ән салу;
- абсалюттік сольмизацияға өту үшін релятивтік сольмизацияға сүйеніп нотамен ән салу.

Хорлы әрекеттің оқушы бойындағы психологиялық стресті, тұтықпалықты жоятын арттерапевтік әсері де бар. Бала өзінің жаңа дауысына үйреніп, соған бейімделе түседі. Зерттеушілердің айтуынша бұл кезде жасөспірімдер жеңіл дауыспен ән салғаны дұрыс. Вокалды-хорлы жұмыстың енді бір маңызды бағыты – балаларды нотамен ән салуға үйрету. Осылай ән салу оқушылардың музыканы тыңдау (көріп отырмын – естіп отырмын - ән салып тұрмын) елестетуін қалыптастырады. Яғни көзбен көріп, құлақпен естіп, өзі ән сала отырып үш триадамен біріктіріп жұмыс істеу дағдысын қалыптастырады.

Әдебиеттер тізімі:

1. Жәрдемәлиева Р. Хрестоматия музыкального образования в Казахстане. – Алматы., 2004 г.

2. Ахметова А.Қ. Мектептегі музыка сабағын оқыту принциптері. Алматы: «Полиграфия-сервис и К». 2002 ж.

3. Дүйсембінова Р.Қ. «Музыкалық білім беру педагогикасы» – Талдықорған, 2001 ж.

4. Алиев Ю.Б. «Методика музыкального воспитания детей» Воронеж, 2003г.

БАЛАНЫҢ БОЙЫНДАҒЫ ҚАБІЛЕТТІ ОЯТУ – МҰҒАЛІМНІҢ ШЕБЕРЛІГІ



Берентаева Эльмира Қойбағарқызы
Ақтөбе облысы Шалқар қаласы
«№5 мектеп - лицей» КММ-нің бастауыш сынып мұғалімі

Әр бала дүниеге ерекше қабілетпен, өзіндік дарынымен келеді. Сол табиғи қабілетті байқап, дамытып, дұрыс бағыт бере білу – нағыз мұғалімнің шеберлігін көрсетеді. Себебі ұстаздың ең басты міндеті – білім берумен қатар, әр баланың бойындағы мүмкіндікті ашу, оның өзіне деген сенімін арттыру. Балаға сенім арту – оның ішкі мүмкіндігін оятудың ең тиімді жолы. Өйткені өзіне сенген бала ғана жаңа биіктерді бағындыра алады.

Бастауыш сынып – баланың өміріндегі ең жауапты әрі қызықты кезең. Бұл кезеңде оқушының дүниетанымы қалыптасып, оқу дағдылары дамиды. Сондықтан мұғалім әр баланың мінезін, қызығушылығын және қабылдау ерекшелігін ескеріп, сабақта түрлі әдіс-тәсілдерді қолдануы қажет. Мысалы, ойын элементтері, шығармашылық тапсырмалар, жобалық жұмыс түрлері – баланың ойлау қабілетін дамытып, өз ойын еркін жеткізуге мүмкіндік береді. Осындай тәсілдер арқылы ұстаз баланың бойындағы жасырын дарынын байқап, оны дамытуға бағыт береді.

Нағыз шебер ұстаз әр оқушыға жеке тұлға ретінде қарайды. Ол баланың бойындағы ұшқынды көріп, оны қолдап, сенім білдіре біледі. Бір бала сурет салуға бейім болса, екіншісі математикаға немесе тіл үйренуге қабілетті болуы мүмкін. Мұғалім осы ерекшеліктерді байқай отырып, әрқайсысына жеке бағыт береді. Бұл – үлкен еңбекті, шыдамдылық пен сүйіспеншілікті қажет ететін жұмыс. Себебі баланың қабілетін ояту – дайын нәтиже емес, үздіксіз ізденіс пен ынталандырудың нәтижесі.

Бүгінгі таңда білім беру жүйесі үлкен өзгерістер мен жаңарулар үстінде. Заманауи мұғалім тек білім беруші емес, ол – бағыт көрсетуші, кеңесші, рухани қолдаушы тұлға. Цифрлық дәуірде өсіп келе жатқан бала ақпаратты көп білуі мүмкін, бірақ оны дұрыс қолдану, ой елегінен өткізу – мұғалімнің басшылығын қажет етеді. Сондықтан ұстаздың міндеті – баланың тек білімін емес, оның шығармашылық және сыни ойлау қабілетін дамыту. Бұл ретте сабақтарда АКТ құралдарын, заманауи платформаларды пайдалану, топтық және жұптық жұмыстарды ұйымдастыру маңызды рөл атқарады.

Бала жүрегіне жол табу үшін ұстаз ең алдымен өз кәсібін сүйе білуі керек. Ұстаздың мейірімі мен жылы көзқарасы – оқушының сенімін оятады. Кейде бір жылы сөз немесе қолдаудың өзі баланың өмірін өзгертіп жібереді. «Мұғалім – мәңгі нұрдың қызметшісі» деп айтылғандай, ұстаздық жол – тек мамандық емес, жүректің қалауы мен өмірлік миссия.

Қорыта айтқанда, баланың бойындағы қабілетті ояту – мұғалімнің кәсіби және адамгершілік шеберлігінің айғағы. Бұл – үлкен жауапкершілік, әрі зор мәртебе. Баланың табысы – мұғалім еңбегінің жемісі, ал шәкірттің жетістігі – ұстаз жүрегінің жылуы. Нағыз ұстаз үшін ең үлкен сый – шәкіртінің өмірден өз орнын тауып, қоғамға пайдалы азамат болып қалыптасуы. Сондықтан әрбір мұғалім өз шәкіртінің қабілетіне сеніп, сол сенім арқылы үлкен жетістікке жетелей алады.

Қолданылған әдебиеттер:

1. Назарбаев Н.Ә. Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру. – Астана, 2017.
2. Жарықбаев Қ., Қалиев С. Қазақ тәлім-тәрбиесі. – Алматы: Санат, 1995.
3. Әбенбаев С. Мұғалімнің кәсіби шеберлігі. – Алматы: Дарын, 2005.
4. ҚР Білім және ғылым министрлігі. Бастауыш білім берудің мемлекеттік стандарты. – Астана, 2023.
5. Рубинштейн С.Л. Основы общей психологии. – Москва: Педагогика, 1989.

КЕСКІНДЕМЕ ӨНЕРІН КӨРКЕМСУРЕТКЕ АЙНАЛДЫРУ ӘДІСТЕРІ



Биржанова Розалина Тлекжановна
Ақтөбе қаласы «Балалар және жасөспірімдер шығармашылық үйі» МКҚК-нің қосымша білім беру педагогы

Көркемсурет өнері шығармаларында басты нәрсе олардың бейнеленгені емес, олардың нені білдіргені екенін біз енді білеміз. Оның өзінде де егер әңгіме кескіндеме, мүсін өнері және графика жөнінде, яғни әлденені тікелей бейнелейтін өнерлер туралы болып отырса ғана.

Жалпы бейнелеу өнері алуан қырлы да алуан түрлі. Онда жұмыс істеудің әдістері мен техникасы туралы практикалық мағлұматтар берместен бұрын оның түрлерімен және жанрларымен танысқан жөн. XIX ғасырға дейін сәулет өнері, мүсін өнері және кескіндеме өнерлерінің басты бір түрі — графика (сурет, гравюра, литография) қызметтік және қосалқы түрден өнердің жеке және мүлдем дербес түріне айналады. Соңғы жиырма жылдықта өнердің «дизайн» сияқты түрі де өте айқын бейнесін тапты.

Кескіндеме-бейнелеу өнерінің неғұрлым бай әрі толысқан түрі, онда бейнелеудің сан алуан мол құралдары қолданылады. Суретшілер өнердің ұшы қиырсыз осы саласынан көбіне өздері сүйген әуендер мен тақырыптарды таңдап алады. Біреулері портреттер жазғанды ұнатады, екіншілері пейзаждарды, үшіншілері тарихи соғыс немесе тұрмыстық көріністерді бейнелеуге құштар. Бейнелеу өнерінің бұлай сақталуы жанрларға бөліну деп аталады. Жанр сөзі француздың «түр» немесе «тек» деген сөзінен шыққан. Кескіндеме мынадай жанрларға бөлінеді: натюрморт, пейзаж, портрет және тақырыптық картина. Айта кету керек, соңғы жанр көбінде жанр делінеді, ал картиналар жанрлық картиналар деп аталады. Майлы бояулармен тығыз, қою салынған голланд натюрморттарында көбіне сан алуан түрлі тағамнан: нан, жемістер, жабайы аң-құстар, хрусталь бокалдардағы немесе күңгірт сәуле шашатын күміс кубоктардағы шарап бейнеленеді. Мұндай картиналарды салдырған адам, рухани нәзік талап, талғам дейтіннің иісін де білмейтін саудагер немесе қала шонжары суреттегі дәмді, мол тағамға ғана қызығатын, өйткені, оның өмірінің басты қызығы да тамақ құлқы болатын.

Сурет- болмысы зерттеудің және бейнелеудің аса маңызды құралы, бүкіл реалистік бейнелеу өнерінің түп қазығы. Барлық мамандықтағы суретшілерге: графиктерге, кескіндемешілерге, мүсіншілерге, сәулет өнеріндегілерге, қолданбалы өнер шеберлеріне сурет салуды игеру қажет. Кейде тіпті өзіне де онша

айқын емес алғашқы идеяларын суретші шапшаң да шамамен салынатын нобай суреттерге түсіріп алады, содан кейін ол қажетті бақылауларын этюд суреттерге жинақтайды. Өткен заманның аса ұлы суретшілерінің бірі бір мезгілде әрі кескіндемеші, әрі мүсінші, әрі архитектор болған Микеланджело: «сурет сұңғаттың да, мүсіннің де, сәулет өнерінің де жоғарғы нүктесі, сурет-барлық ғылымның қайнар көзі мен тамыры» деген болатын. Сурет сала білу тек суретшіге қажет емес. Суретші үшін сурет — оны көре білуге, яғни айналадағы дүниеге жеті көз тастап, көргендерін салыстыруға, талдауға, тереңірек қабылдап, сезіне білуге үйрететін ең жақсы мектеп. Өзінің сипаты жағынан суреттер мейлінше сан алуан болып келеді. Бұл сырт көзге шимай- шатпақ болып көрінуі мүмкін, шиыршық атқан, тіпті қас - қағым сәтте дерлік жасала салған нобай сызықтар.

Сабақтан тыс қосымша үйірме жұмыстарын ұйымдастыру

Оқушылармен сабақтан тыс жүргізілетін қосымша жұмыстар сабақтан тыс немесе қосымша білім беру деп аталады. Бұл жұмыс мұғалім сабақ үстінде жүзеге асыратын тәрбие жұмысын толықтыра және тереңдете отырып, ең алдымен балалардың талаптары мен қабілеттерін толық ашудың қызығушылығы мен ынтасын оятудың құрамы ретінде қызмет атқарады. Сабақтан тыс жұмыс кезінде оқушылар керекті және пайдалы бұйымдар жасап үйренеді. Бұйымдарды жасау барысында оқушылардың эстетикалық тәрбиесі артады. Оқушылармен қосымша жүргізілетін сабақтардың формаларын бөліп көсетуге болады: көркемсурет, дизайн, сияқты үйірме жұмыстары. Қосымша берілетін сабақтар оқушылардың жаңа білімдерін байыта, олардың ақыл-ойын және қабілеттерін дамыта отырып, оқушылардың ой-өрісін кеңейтуге өз үлестерін қосатыны анық.

Өз тәжірибемде бейнелеу өнері саласында оқушыларға әр түрлі жанрларға суретті жоба жасап, шығармашылық тақырыптар бойынша тапсырмалар орындауларына аса көңіл бөлемін

.





Бейнелеу өнері - көркемдік талғам қалыптастырудың өзекті құралы ретінде баланы өз халқының эстетикалық мұраларын игеруіне, халық өнерінің айшықты туындыларынан ләззат алуға, рухани дамуына және халық талантын қастерлеуге, сүйе білуге баулиды. Дәстүрден тыс әдіспен сурет салуды үйренген бала, өз бетінше бастыру құралдарын іздеп тауып көрсетеді. Бұл баланың өмірге шығармашылықпен қарауының, кез келген затты әр түрлі мақсатта қолдана білу іскерлігін дамытудың алғы шарты болып табылады. Осы орайда бірнеше әдістерді мысалға келтірейін:



«Шыршаны безендір»


Ойынға басшылық: Балаларға шырша ойыншықтарының қиылған пішіндері үлестіріледі. Мольбертке қиылған шырша бейнесі ілінеді.

Педагог:

- Балалар, жақында балабақшада шырша мерекесі аталып өтті, барлығы көңілді болды. Әдемі ойыншықтар мен безендірілген шырша жанында өлең айттық, би биледік, аяз атадан сыйлық алдық. Аяз аталарыңа барлығы да ұнапты.



«Көкөністер бастырмасы». Балалар бастырма көмегімен салынған бейнеге ерекше қызығушылық танытады. Әсіресе көкөніс қалдығынан балалардың көз алдында даярланған штамптар, даяр сатып алғандарға қарағанда қызығушылықты үдете түседі. Картоп, сәбіз, асқабақ қабығынан және қызылшадан түрл іпішіндер жасауға болады. Мысалы: шаршы, дөңгелек, үшбұрыш, төртбұрыш даярлау; картоп немесе өзге көкөніс қиығында контур жасап, артығын кесу; штампты гуашқа батыру немесе оған қылқалам көмегімен субояу жағу;қағаз немесе мата бетіне ойлаған сурет шығатындай етіп бастыру;



Ол кетер алдында мына кішкентай шырша мен ойыншықтарды сендерге тастап кетті. Қане, мына шыршаны сол ойыншықтар мен безендірейік. Мен кез келген түсті айтамын кімде сол түс болса ойыншығын шыршаға іледі. Ең бірінші қызыл түсті ойыншықтарды ілеміз. Қызыл түсті ойыншықтары бар балалар ойыншықтарын іле бастайды. Қалған балалар достарының қателігін түзейді. Осыдан кейін сарғыш, көк, жасыл т. с. с түстерді атайды.

«Құммен сурет салу әдісі». Балаларға құммен сурет салу өте қызықты болмақ, өйткені олар құммен ойнағанды қатты ұнататыны сөзсіз. Олай болса, шығармашыл тұлғаны қалыптастыруда бейнелеу өнері әрекетінің орны ерекше.

Оқушылардың бос уақытын тиімді пайдалану үшін үйірме жұмыстары оқушыларға әр түрлі жұмыстарды кең түрде жобалауға мүмкіндік береді, қабілетңін арттыпрып қана қоймай, қимылдарын жаттықтырады, ғылым мен техникаға тәрбиелеуге көмектеседі, шығармашылық еңбекті сүйуге үйретеді. Қосымша білім берудің міндеті жалпы және арнайы білімді меңгеру, оқушылардың политехникалық ойлау қабілетін оятуға жан-жақты дамуына ықпал жасау, оқушыларды өздігінен жұмыс істеуге тәрбиелеу. Бейнелеу шеберлерінің асқаралы биігіне жету, көркем көре білуді дамыту және көргендерін өз шығармаларында бере білу нақ осы суреттен басталады.



Пайдаланылған әдебиеттер тізімі.

1. «Бүгінгі Қазақстан» Республика суретшілерінің шығармалары. Алматы Өнер 2003ж.

2. Ералин Қ., Халмуратов Ж. «Қазақстанның бейнелеу өнері шеберлері» Алматы «М-Талант фирмасы» 2007ж.

3. Әлмұхамбетов Б., Бакенов Ж. Сурет салу және бояумен жұмыс істеу әдістері. – А., 2017ж.

МАТЕМАТИКА – ФУНКЦИОНАЛДЫҚ САУАТТЫЛЫҚТЫ ДАМЫТУ ҚҰРАЛЫ

Бисалиева Айнагуль Жаксекеновна
Ақтөбе қаласы «№30 қазақ орта мектебі» КММ-нің математика пәні мұғалімі

Аннотация. Бұл мақалада математика пәнінің функционалдық сауаттылықты дамытудағы рөлі қарастырылады. Функционалдық сауаттылық – адамның күнделікті өмірде, кәсіби қызметте және әлеуметтік ортада ақпаратты дұрыс қабылдап, өңдеп, қолдана білу қабілеті ретінде сипатталады. Мақалада математика арқылы оқушылардың логикалық ойлау, аналитикалық қабілет, проблемаларды шешу және ақпаратты талдау дағдыларын қалай жетілдіруге болатыны талданады. Сонымен қатар, пәнді өмірлік жағдайлармен байланыстыру әдістері, мәтіндік есептерді қолдану, жобалық жұмыстар және интерактивті құралдардың рөлі қарастырылады. Мақала функционалдық сауаттылықты дамытудағы математиканың практикалық мәнін көрсетіп, оқушылардың өмірлік және кәсіби дағдыларын қалыптастырудағы маңызды құралы екенін дәлелдейді.

Негізгі сөздер: Математика, функционалдық сауаттылық, логикалық ойлау, аналитикалық қабілет, проблемаларды шешу, мәтіндік есептер, жобалық әдіс, интерактивті әдістер, білім беру, практикалық дағдылар.

Бүгінгі білім беру жүйесінің басты мақсаты – оқушылардың тек академиялық білімін емес, өмірлік және кәсіби дағдыларын дамыту. Функционалдық сауаттылық – адамның өмірлік және кәсіби

жағдайларда ақпаратты дұрыс қабылдап, өңдеп, қолдана білу қабілеті. Бұл қасиет білім мен тәжірибені тиімді пайдалану, проблемаларды шешу және шешім қабылдаудың негізі болып табылады.

Математика пәні функционалдық сауаттылықты дамытуда ерекше рөл атқарады. Ол тек сандар мен формулаларды үйретіп қана қоймай, логикалық ойлау қабілетін, аналитикалық дағдыларды, критикалық тұрғыдан ойлауды және практикалық шешім қабылдауды дамытады. Сондықтан математикалық білімді тек мектеп бағдарламасының шеңберінде қарастырмай, оны өмірмен байланыстыру аса маңызды.

Функционалдық сауаттылықтың мәні. Функционалдық сауаттылық – тек білімді меңгеру емес, оны өмірде тиімді қолдана білу. Ол:

- ақпаратты талдау және салыстыру;
- нақты шешім қабылдау;
- болжам жасау және қорытынды шығару;
- проблемаларды шешу;
- өмірлік және кәсіби жағдайларда білімді қолдану сияқты қабілеттерді қамтиды.

Математика арқылы оқушы тек есеп шығарып қана қоймай, сандық ақпаратты талдайды, логикалық қорытынды жасайды, күнделікті өмірлік және кәсіби жағдайларда білімін қолдануды үйренеді. Мысалы, пайыздық есептерді сатып алу кезінде қолдану, бюджетті жоспарлау, статистикалық деректерді талдау – функционалдық сауаттылықтың нақты көрінісі.

Математика және ойлау қабілеті. Математика пәні оқушылардың ойлау қабілетін жетілдіреді:

1. **Логикалық ойлау** – себеп-салдар байланысын анықтау, қорытынды жасау.
2. **Аналитикалық қабілет** – мәліметтерді салыстыру, талдау және құрылымдау.
3. **Креативті ойлау** – жаңа тәсілдер ойлап тауып, дәстүрлі емес шешімдерге келу.
4. **Абстрактілі ойлау** – алгебра мен функциялар арқылы абстрактілі тұжырымдарды түсіну.

Мысалы, геометриялық есептер кеңістіктік ойлауды дамытады, ал статистикалық тапсырмалар оқушыға деректерді жинап, салыстыруға, қорытынды жасауға мүмкіндік береді. Бұл дағдылар болашақ кәсіби өмірде де қажет.

Математика сабағын өмірмен байланыстыру. Математика сабағында тек формулаларды жаттау жеткіліксіз. Оқушыларға математикалық білімді өмірлік және кәсіби жағдайларда қолдануды үйрету маңызды.

Нақты мысалдар:

- **Сатып алу кезінде пайыздық есептер:** жеңілдік пен салықты есептеу.
- **Бюджет жоспарлау:** отбасының немесе мектеп жобасының кіріс-жұмыстары.
- **Статистикалық деректерді талдау:** графиктер мен диаграммаларды қолдану.
- **Ғылыми жобалар:** математикалық модельдеу арқылы зерттеу жүргізу.
- **Инженерлік есептер:** құрылыс немесе техникадағы өлшемдерді есептеу.

Мұндай практикалық мысалдар оқушыларға математика сабағында алған білімін нақты өмірде қолдануға мүмкіндік береді.

Педагогикалық әдістер. Функционалдық сауаттылықты дамыту үшін педагогтар түрлі әдістерді қолданады:

1. **Жобалық әдіс:** нақты өмірлік тапсырмаларды зерттеу арқылы есеп шығару. Мысалы, мектеп ішіндегі шағын бизнес жобасын жасап, кіріс пен шығысты есептеу.
2. **Мәтіндік есептер:** оқушылар мәтіннен маңызды ақпаратты бөліп алады, оны математикалық тілге аударады және шешімін шығарады.
3. **Интерактивті әдістер:** графиктер, диаграммалар, компьютерлік бағдарламалар арқылы ақпаратты визуалды түрде қабылдау.

4. **Топтық жұмыстар:** бірлесіп есеп шығару арқылы коммуникация және шешім қабылдау дағдыларын дамыту.

5. **Кросс-пәндік интеграция:** физика, химия, биология пәндерімен байланыстыру арқылы оқушылар логикалық ойлау қабілетін кеңейтеді.

6. **Практикалық сценарийлер:** нақты өмірлік проблемаларды шешу арқылы функционалдық сауаттылық дамиды (мысалы, мектеп кафесінің шығынын есептеу, қоғамдық көліктегі билет бағасын салыстыру).

Математикалық білім және кәсіби өмір. Болашақта әрбір маман үшін функционалдық сауаттылық маңызды:

- **Инженерияда** – құрылыс жобаларын есептеу, техникалық сызбаларды талдау.
- **Экономикада** – қаржылық талдау, инвестициялық жобаларды бағалау.
- **Ақпараттық технологияларда** – алгоритмдер, деректерді өңдеу.
- **Медицинада** – статистикалық деректерді талдау, дәрілік дозаларды есептеу.
- **Ғылыми зерттеулерде** – математикалық модельдеу, болжам жасау.

Сондықтан мектептегі математикалық білім оқушыны өмірге және кәсіби қызметке дайындайтын негізгі құрал болып табылады.

Математика – функционалдық сауаттылықты дамытудың негізгі құралы. Ол оқушыларға:

- ақпаратты талдауға;
- логикалық шешім қабылдауға;
- проблемаларды шешуге;
- күнделікті өмірде кездесетін есептерді тиімді шешуге қабілет береді.

Математика сабағы тек теориялық материалға бағытталмай, өмірлік практикалық дағдыларды қалыптастыруға арналуы тиіс. Осылайша, функционалдық сауаттылықты дамыту арқылы оқушылар өз өмірінде және болашақ кәсіби қызметінде тиімді шешім қабылдай алатын азамат болып өседі.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Әбілқасымова А. Е., Каппасова С. Е., «Мектеп оқушыларының математикалық функциялдық сауаттылығын қалыптастырудың әдістемелік аспектілері». Физика-математика ғылымдары, № 1(81), 2023, б. 66–71.

2. Батырбаева, Г.А., Асанова, А.Т., «Математикадағы мәнмәтіндік есептер оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамыту құралы ретінде». Физика-математика ғылымдары, № 2(86), 2024, б. 160–164.

3. Сәлғожа, И.Т., Қасекеева, А.Б. «Болашақ информатика мұғалімдерінің оқушылардың функционалдық сауаттылықтарын қалыптастыруға дайындығы». Физика-математика ғылымдары, № 4(80), 2022, б. 91–94.

4. Ешепетова, А. Ж. «Математикалық сауаттылықты дамыту». Қызылорда облыстық әдістемелік жинақ, “Өрлеу” – Қызылорда, 2024 (Хабаршы, № 4, 2024), б. 12–15.

БАСТАУЫШ МЕКТЕП – БІЛІМНІҢ ІРГЕ ТАСЫ



Досалина Гулназ Агзамовна
Ақтөбе облысы Шалқар қаласы
«№5 мектеп - лицей» КММ-нің бастауыш сынып мұғалімі

Білім беру жүйесінің ең маңызды буыны – бастауыш мектеп. Себебі дәл осы кезеңде баланың жеке тұлғалық қасиеттері қалыптасып, оқу дағдыларының іргетасы қаланады. «Білімнің негізі – бастауышта» деп бекер айтылмаған. Бастауыш сыныптарда бала оқу мен жазуды, ойлауды, талдауды, өз ойын жеткізуді үйреніп, өзін тануға алғашқы қадам жасайды. Сондықтан бастауыш мектеп – білім беру жүйесінің ірге тасы, тұлға тәрбиесінің алғашқы сатысы.

Бастауыш мектептің басты мақсаты – оқушының жеке қабілетін ашу, оқу мен тануға қызығушылығын арттыру, өздігінен білім алуға дағдыландыру. Бұл кезеңде баланың бойында тек білім емес, адамгершілік, еңбекқорлық, жауапкершілік сияқты өмірлік маңызды қасиеттер қалыптасады. Мұғалімнің әр сөзі мен іс-әрекеті, оның балаға деген қамқорлығы мен мейірімі – жас жеткіншектің дүниетанымына зор әсер етеді.

Бастауыш мектептегі білім беру мазмұны баланың жас ерекшелігіне сай құрылуы тиіс. Оқыту үдерісінде ойын элементтерін, көрнекі құралдарды, заманауи технологияларды қолдану – оқушының танымдық белсенділігін арттырудың тиімді жолы. Мысалы, интерактивті тақтаны, цифрлық ресурстарды пайдалану арқылы оқушылардың назарын сабаққа аударып, материалды жеңіл меңгертуге болады. Осы кезеңде қалыптасқан оқу дағдылары – баланың әрі қарайғы білім алуына негіз болады.

Бастауыш сынып мұғалімінің рөлі ерекше. Ол – баланың алғашқы ұстазы, білім мен тәрбие берудің бастауы. Мұғалімнің кәсіби біліктілігі, сабырлылығы, балаға деген сүйіспеншілігі – оқушының мектепке деген көзқарасын қалыптастырады. Егер бастауышта мұғалім мен оқушы арасында сенім мен сыйластық орнаса, балада оқуға деген ынта да жоғары болады.

Қазіргі таңда бастауыш білім берудің басты ерекшелігі – **инновациялық әдіс-тәсілдерді пайдалану.** Бүгінгі мұғалім сабақ барысында ақпараттық-коммуникациялық технологияларды, зерттеу және жобалау әдістерін, сыни ойлауға бағытталған тәсілдерді кеңінен қолданады. Мұндай сабақтарда оқушы өз ойын еркін жеткізеді, талдау мен салыстыру дағдыларын меңгереді, шығармашылық қабілетін дамытады.

Сонымен қатар, бастауыш сыныптағы тәрбие жұмысы да аса маңызды. Баланы ұжыммен қарым-қатынас жасауға, достық пен ізгілікке, үлкенге құрмет, кішіге қамқор болуға тәрбиелеу – мұғалімнің күнделікті жұмысының бір бөлігі. Оқушылардың бойына ұлттық құндылықтар мен мәдениетті сіңіру, туған жерге деген сүйіспеншілікті қалыптастыру – бастауыш мектептің басты міндеттерінің бірі.

Бастауыш білім беру үдерісінде ата-анамен байланыс та шешуші рөл атқарады. Мұғалім мен ата-ананың тығыз ынтымақтастығы арқылы бала тәрбиесінде бірізділік сақталады. Үй мен мектеп арасындағы өзара түсіністік баланың оқуына және мінез-құлқына оң әсерін тигізеді. Сондықтан әр ата-ана өз баласының оқу процесіне белсенді араласуы қажет.

Қазіргі уақытта еліміздің білім беру жүйесінде жүргізіліп жатқан жаңартылған оқу бағдарламалары бастауыш білім мазмұнын жаңаша бағытта дамытуға мүмкіндік беріп отыр. Бұл бағдарламалар баланың функционалдық сауаттылығын, коммуникативтік қабілетін арттыруға бағытталған. Оқушы тек дайын білімді қабылдаушы емес, өз бетімен ой қорыта алатын тұлға ретінде қалыптасады.

Бастауыш мектеп – тұлғаның рухани және әлеуметтік дамуының бастауы. Мұнда бала тек оқу дағдыларын меңгеріп қана қоймай, адамгершілік құндылықтарды да бойына сіңіреді. Мұғалімнің мейірімі мен қамқорлығы, жылы сөзі мен әділ бағасы – баланың өмір бойғы оқу мотивациясына әсер етеді.

Қорытындылай келе, бастауыш мектеп – баланың болашағына бағыт беретін рухани және зияткерлік мектеп. Осы кезеңде қаланған білім мен тәрбие – оқушының өмір жолындағы табысының негізі. Сондықтан әр мұғалім өз ісіне үлкен жауапкершілікпен қарап, бастауыш буында сапалы білім мен саналы тәрбие беруге ұмтылуы қажет. Бастауыш мектеп – елдің ертеңін тәрбиелейтін алтын бесік.

Қолданылған әдебиеттер:

1. ҚР «Білім туралы» Заңы. – Астана, 2020.
2. Әбенбаев С. *Педагогика.* – Алматы: Дарын, 2019.
3. Құнанбаева С.С. *Педагогикалық шеберлік негіздері.* – Алматы, 2021.
4. Ахметова Г. *Бастауыш білім берудегі заманауи технологиялар.* – Нұр-Сұлтан, 2022.
5. Назарбаев Н.Ә. *Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру.* – Астана, 2017.

БАЛАЛАРДЫҢ ҰСАҚ ҚОЛ МОТОРИКАСЫН ОЙЫН АРҚЫЛЫ ДАМЫТУ

Есенова Жайнагүл Бердекешқызы
Ақтөбе қаласы «Жұлдыз» облыстық арнайы балабақшасы КММ-нің тәрбиешісі

Қасықты, қарындашты ұстау алмайтын, түймесін түймелей алмайтын және бәтеңке бауын байлай алмайтын балалардың немесе арнайы балабақшаға келетін балалардың қолының кіші моторикасы нашар дамыған болып есептеледі. Олар шашылған конструкторларды жинау, пазлмен жұмыс жасау, есептегіш таяқша және мозаикамен ойнау өте қиын. Олар басқа балалармен ойнаудан бас тартады, осы қызметтегі жұмыс жасағанда үлгермейді. Мұндай балалар элементарлы қызметтің өзінде өздерін нашар сезінеді және бұл жағдай баланың эмоциясын мен өзін – өзі бағалауға кері әсерін тигізеді.

Әрине, мектепке дейінге жасында бала тілінің дамуы, өзіне –өзі қызмет көрсету және жазуға дайындық дағдысын қалыптастыруда ұсақ қол моторикасын дамыту және үйлестіру жұмыстарын жүргізудің маңызы өте зор. Бала өз саусақтарын қаншалықты басқара алса, оның одан әрі дамуы да соған тікелей байланысты. Ұсақ қол моторикамен қоса балалардың есте сақтау қабілеті мен назары, сондай –ақ, сөздік қоры да дами түседі. Осыларды ескере отырып, өз жұмысымның мақсатын анықтадым: мектеп жасына дейінгі балаларды түрлі қызметтер арқылы ұсақ қол мориканы дамыту және қол қызметін үйлестіру.

Өз жұмысыма төмендегідей міндеттер қойдым:

- қол және көз, қолдыңептілігі, ритмикасы қозғалысын үйлестіру және нақтылығын жақсарту;
- саусақтар мен қол буынының ұсақ қол моторикасын жақсарту;
- жалпы қозғалыстық белсенділікті арттыру;
- сөйлеу функциясын тұрақты етуге көмектесу;
- қиялын, логикалық ойлауын, еркін назарын, көру және есту қабылдауларын, шығармашылық белсенділіктерін дамыту;
- өз құрбылары және үлкендермен қарым – қатынаста эмоционалды – қолайлы жағдай жасау;

Көздеген нәтижеге қол жеткізу үшін келесідей жұмыс түрлерін тұрақты түрде пайдаландым:

- тәлімгердің балалармен бірлескен қызметі;
- балалармен жекелей жұмыстар;
- балалардың өздерінің еркін өзіндік қызметтері.
- Ұсақ қол моторикасын дамыту және қозғалысын үйлестіру мақсатында түрлі қабылдаулар мен әдіс – тәсілдер қолдандым:
- саусақтық ойын тренингісі
- қол мойнына массаж
- саусақ гимнастикасы, сергіту сәттері
- саусақ ойынды тақпақтар мен жаңылтпаштар
- саусақтық театр
- ермексаз және тұздалған ұннан, табиғи материалдардан жапсыру жұмыстарын мүсіндеу (тұқым, жарма, ұлу қабыршықтары және т.б.)
- сызудың дәстүрлі емес техникасы: қылқалам, саусақ, тіс щеткасы және май шам және т.б.
- құрылыс жасау: қағаздан, ЛЕГО конструкторымен
- бастырмалардың түлері
- графикалық мотрикаңы дамыту
- трафаретпен сурет салу
- түр сызықпен түрлеу
- суретті аяқтау (симметрия принципі бойынша)
- лабиринттер
- дидактикалық ойындар
- М. Монтессори әдісі
- Кіші заттармен ойнау
- пазл, мозаика қолдану

Ұсақ қол моторикасы термині саусақтар қозғалысы және қолдың буындарын үйлестіру дегенді білдіреді. Ұсақ мотрикаңы дамытудың маңыздылығы неде? Адамның бас миында саусақ қимылына және сөйлеуге жауап беретін орталықтар өте жақын орналасқан. Ұсақ моторикаға әсер ете және оны белсендіре отырып, көрші орналасқан сөйлеуге жауап беретін орталықты да дамыта аламыз.

Кішкентай ғана сәбидің қалайтыны қозғалу, қозғалыс- әлемді танудың мүмкіндігі. Яғни, бала қозғалысы дәл және нақты болса, оның әлемді ақылмен тануы да терең бола түспек. Қолдан ұсақ-түйек заттарды жасау - балалардың ең жақсы көретін шығармашылық жұмыстары. Мұндай жұмыс балалардың қиялдарын, ойлары мен бармақтарының ұсақ моторикасын дамытады. Ұсақ қол мотрикаңы дамыту әдістемесі мұндай жағдайда өте тиімді. Жасжарымдағы баламен саусақ ойындарын бастауға болады.

Бас миы мен ұсақ қол моторикасының өзара байланысы бас миының қабығы әрқайсысы бір денеге жауапты бірнеше бөліктен тұрады. Бас миының қабығында қозғалыстық сипатты анықтайтын бөлік бар. Бас миы қабығының үштен бір бөлігі қол мойнының қозғалыстық қабілетімен байланысты және мидың сөйлеу зонасы бір – біріне өте жақын орналасқан. Сондықтан егер баланың саусағы нашар дамыған болса, ол баланың сөйлеу қабілетіне әсер етеді. Осыған байланысты ғалымдар қол мойнының буынын артикуляциялық аппарат сияқты «сөйлеу органы» деп те атайды. Бала тілін дамыту үшін сөйлеу органы ғана емес сондай –ақ, ұсақ қол моторикасын да дамыту қажет.

Сухомлинский айтқандай: «Қабілет бастауы мен балалар дарыны – саусақ ұштарында. Содан шығармашылық ойдың бастаулары пайда болады. Бала қолының қозғалысында еңбек құралына деген сенімділік пен тапқырлық орын алса, қиындық туындайды, ол үшін бала ойының шығармашылық анықтық қабілетінің өзара әрекеттестігі қажет. Балада қаншалықты шығармашылық қабілет болса, бала соншалықты ақылды келеді». Көптеген жаңашыл зерттеушілер ұсақ моториканы дамытуға байланысты саусақ моторикасын дамытуға саусақ ойындарын, саусақ ойындарын сипаттауды, сергіту сәттерін, ойын –ертегілер пайдалануды ұсынады Т. А. Ткаченко сергіту сәтіне жаттығу енгізу бас миының сөйлеу зонасының қимылын белсендіреді, ол баланың сөйлеу тілін түзетуге мүмкіндік береді деп тұжырым жасаған. В. В. Цвынтарный ұсақ қол моторикасын дамытуға есептеу таяқшалар мен сіріңкемен жұмыстар жасатудың әсері мол деген көзқарас білдіреді.

Жеке жұмыс тәжірибесін сипаттау

Жұмысқа кіріспес бұрын қалай жұмыс жасау керек, қандай материалдар қолданамын деген мақсатта нақты жоспар құрдым. Жұмысымның негізіне ойындар енгіздім. Қозғалысты ойын - балалар үшін дүниені танудың бір тәсілі. Балалар ойынының қозғалысы қаншалықты анық болса, бала дүниемен соншалықты терең таныса алады. Алдымен мектепке дейінгі ортаңғы топ балаларының (4-5 жасар) саусақтары мен қол ептілігін анықтайтын диагностика жасадым.

Диагностика жасау барысында балаларға үш түрлі жаттығу ұсындым:

- доппен ойнау (допты лақтыру және оны ұстап қолмен алу, ұстаған допты бір қолмен еденге ұрып алып жүру, жоғары лақтырып, оны қағып алу)
- қарындашпен ойнау (затты айналдырып сызу және оны сызыққа тастау)
- саусақпен жеке қимыл жасау.



Өзіме мынадай міндеттер қойдым: саусақ қозғалысын жақсарту, өзіне –өзі қызмет көрсету дағдысын қалыптастыру бойынша жаттығулар жасату, баланың жалпы қозғалыстық белсенділігін арттыру. Қойылған міндеттерді орындау үшін жұмыстың түрлі нысандарын пайдаландым. Тәлімгер мен балалардың бірлескен қызметіне баланың логикасын және басқа да қабілеттерін дамытатын жаттығуларды қатаң және жүйелі түрде жүзеге асыратын мақсат қойдым.

Балалардың әлеуметтік дағдысын, қызметтің түрлі нысандарын меңгеруді дамыту бойынша жеке жұмысты ұйымдастыруға да міндет қойдым. Балаларды жеке тұлға ретінде құрметтейтін бала мен үлкендер қарым – қатынасын негізге алған микроклимат жасалды.

Балалардың еркін өзіндік қызметі баланың жеке қабілеті мен мүддесіне сай таңдалған жаттығулар баланың өз бетімен дамуына септігін тигізді. Жұмысымның негізгі әдісіне саусақ ойыны әдісін қолдандым. Бірлескен және жеке жұмыста саусақ жаттығуын массаж (саусақтың басынан қол буынына дейін сипау) және жаттығу (әр саусақты жеке –жеке бүгу және бүктеу) түрінде жүзеге асырдым. Массаж - пассивті гимнастиканың бір түрі болып табылады. Массаж - бұлшық ет жүйесінің тонусын, бұлшық ет икемділігі мен әрекет жасау қабілетін арттыруға көмектеседі. Сондай –ақ, балаларға табиғи материалдармен массаж жасау ұсынылды (шырша бүршігі, жаңғақ, доптар т.б. Осындай жаттығу нәтижесінде баланың

қызығушылығы артты, саусақ гимнастикасы тақпақ оқумен жалғастырылды. Тақпақты тыңдаған балалар саусақ қозғалысының көмегімен тыңдалған тақпақтар мен мазмұнын және бейнелер арқылы сахналады. Сюжетті материал ретінде тақпақтар пайдаландым. Жаттығуға ұласқан тақпақ – сезім ритмін қалыптастыратын және жетілдіретін негіз болып табылады, қолайлы эмоционалды жағдай пайда болады, соның арқасында бала ойынмен айналысады, орындайтын қозғалысты қызғушылықпен орындайды, ал бұл саусақ қозғалысын жақсартады. Тақпақты бейнелеу, тыңдау және түсіну дағдысын дамытады. Ұсақ қол саусақтарын дамытуға арналған картотека құрастырдым: «Саусақтық жаттығулар», «Жолшықпен жүру», «Физминуткалар». Бірлескен және өзіндік әрекет кезінде саусақ театр қозғалыстарын қолдандым. Ол балаға бір мезетте сценарист, режиссер-постановщик болуға мүмкіндік береді. Театрландырылған қойылым шығармашылық потеницалды ғана емес сөйлеуді және оған саусақ белсенділігін дамытуға көмектеседі. Саусақ театрының тағы бір жағымды жағы – бала ойын нысанында кеңістік және санау түсінігіне үйренеді. Саусақ театрына арнап ертегілер кейіпкерлері бойынша қуыршақтар әзірледім: «Қоян мен түлкі», «Бауырсақ» және т.б.

Жапсыру ісімен айналысу қол мойнының буыны және ұсақ әрі жалпы қол моторикасын дамытуда маңызы зор. Жапсыру ісімен айналысу баланың сенсорлы және кеңістікті сезіну, қабылдауын дамытуға қажетті. Өз жұмысымда жапсыру ісімен айналысуда ермексаз, тұздалған ұн, тұқымнан және ұлу қабыршығынан жасалған оюларды жиі қолданамын. Бұл еңбекті көп қажет ететін, қызықты жұмыс болғандықтан баланың назарын, көз бен қолдың өзара қозғалыс үйлесімділігін, анықтылығын және келісілген сенсомотериканы дамытады. Қағаздан бұйымдар жасау - қол мойын буынының кіші бұлшық етін дамытуға әсер етеді. Мұндай жұмыстар баланы қызықтырады, қиялдарының дамуына, сындарлы ойлауына септігін тигізеді. Қағазбен жұмыстың бірі ретінде жыртылған қағаздар қолданылды. Қағазды ұсақтап жырту саусақ күші мен ұсақ қимылын басқару дағдысын дамыту жаттығу болып та есептеледі.

Сондай –ақ, балаларды ойындар мен инсценировкада қолданған қағаздан ұсақ–түйектерді жасауға үйреттім.

Бірлескен қызметке сурет салудың көптеген дәстүрлі емес түрлерін пайдаландым: тампондау, қылқалам, май шам, тіс щеткасы көмегімен қолдан жасалған мөр және т.б. Сурет салу кезінде балалардың жалпы елестері, шығармашылығы дами түседі, ақиқатқа деген эмоционалды қатынастары тереңдейді, графикалық дағдылары қалыптасады.



Басты назар суреттерді бояуға бөлінді. Бұған бояу альбомы мен дайындамалар қолданылды. Бояу қозғалыс үйлесімін дағдыландыруда ұсақ қол моторикасын дамыту мен нығайтуды қамтамасыз ететін түр сызықтарының бірнеше түрлерін қамтыды. Қол қозғалысының анықтылығы мен сенімділігін дамыту бойынша нақты бағытта параллель сызықтар жүргізетін ойындарды да қолдандым.

Қолданылған әдебиеттер:

1. Саусақ қадамдары. Ұсақ мотериканы дамытуға арналған жаттығулар Е.Ю.Тимофеева, Е.И.Чернова

2. Ахметова Р.М. Бала тілін дамытуда ойын технологиясын пайдаланудың теориялық негіздері. Отбасы және балабақша - №1 – 2012ж-(5 бет)

3.Белая, А.Е., Мирясова, В.И. Мектеп жасына дейінгі балалардың сөйлеуін дамытуға арналған саусақ ойындары [мәтін]: ата-аналар мен мұғалімдерге арналған нұсқаулық / А. Е. Белая, В. И. Мирясова. - М.: ООО АСТ баспасы, 2000. - 48 ж.

ҚАЗІРГІ ЗАМАН МҰҒАЛІМ БЕЙНЕСІ



Жайтакова Лаура Тулепкереевна
Ақтөбе облысы, Шалқар қаласы
«№5 мектеп - лицей» КММ-нің бастауыш сынып мұғалімі

Қазіргі қоғамдағы мұғалімнің рөлі айрықша мәнге ие. Ғылым мен технология қарыштап дамыған XXI ғасырда білім беру саласына қойылатын талаптар да күн сайын артып келеді. Мұғалім тек білім беруші емес, ол — оқушының тұлғалық дамуына бағыт-бағдар беретін, рухани тұрғыдан қолдау көрсететін жетекші. Сондықтан да қазіргі заман мұғалімінің бейнесі – жан-жақты дамыған, жаңашыл ойлайтын, кәсіби біліктілігі жоғары тұлға.

Бүгінгі мұғалім – педагогикалық шеберлігін заман талабына сай жетілдіре алатын, цифрлық сауаттылығы қалыптасқан, үнемі өзін-өзі дамытумен айналысатын маман. Қазіргі оқушының ақпарат көздері өте көп. Олар интернет арқылы әлемдік деңгейдегі мәліметтерге еркін қол жеткізе алады. Осындай жағдайда мұғалімнің міндеті – жай ғана ақпарат беруші болу емес, білімді сұрыптап, оны оқушының бойына дұрыс бағытта сіңіре білу.

Қазіргі заман мұғалімінің бейнесі ең алдымен оның кәсіби құзыреттілігімен, адамгершілік қасиеттерімен, және шығармашылық қабілетімен айқындалады. Мұғалім әр сабағын оқушы қызығушылығына сай түрлендіріп өткізіп, оқушының белсенділігін арттыруы тиіс. Сабақ барысында түрлі әдіс-тәсілдерді, заманауи технологияларды қолдану, сын тұрғысынан ойлау мен зерттеу дағдыларын қалыптастыру – мұғалімнің басты міндеттерінің бірі.

Сонымен қатар, қазіргі мұғалім — коммуникативтік мәдениеті жоғары, өз ойын еркін жеткізе білетін, оқушылармен және ата-аналармен өзара түсіністік орната алатын тұлға. Мұғалімнің сөз мәдениеті, киім киісі, жүріс-тұрысы, қарым-қатынас әдебі – барлығы да оның кәсіби бейнесінің ажырамас бөлігі. Өйткені оқушылар көбіне мұғалімнің сөзіне емес, оның іс-әрекетіне, мінез-құлқына қарап бой түзейді.

Қазіргі уақытта білім беру жүйесінде «өмір бойы білім алу» қағидасы өзекті болып отыр. Демек, мұғалім де өз білімін үздіксіз жетілдіріп отыруы тиіс. Кәсіби даму курстарына қатысу, тәжірибе алмасу, жаңа әдістемелерді меңгеру – ұстаздық еңбектің сапасын арттырады. Сонымен қатар, цифрлық технологияларды меңгеру де заманауи мұғалімнің маңызды

қасиетіне айналды. Онлайн сабақтар өткізу, интерактивті платформаларды қолдану, электронды оқулықтармен жұмыс істеу — бұлар бүгінгі педагогтың күнделікті қызметінің бір бөлігі. Бірақ, ең бастысы – мұғалімнің жүрегінде шәкіртке деген сүйіспеншілік пен жауапкершілік сезімі болуы қажет. Себебі, шынайы мұғалім – оқушының болашағына әсер ететін рухани тұлға. Оқушының жетістігі – мұғалім еңбегінің жемісі. Сондықтан әрбір ұстаз өз жұмысында адалдық пен ізгілікті басты қағида етуі тиіс.

Қазіргі заман мұғалімі сонымен бірге қоғамның белсенді мүшесі. Ол тек мектеп қабырғасындағы жұмысымен шектелмейді, қоғамдағы әлеуметтік және мәдени өмірге де өз үлесін қосады. Қайырымдылық шаралары, экологиялық бастамалар, мәдени жобаларға қатысу арқылы мұғалім өз оқушыларына өнеге көрсетеді. Бұл – нағыз азаматтық ұстанымы бар тұлғаның белгісі.

Қорытындылай келе, қазіргі заман мұғалімінің бейнесі — рухани бай, кәсіби шеберлігі жоғары, шығармашыл, жаңашыл тұлға бейнесі. Ол – өз оқушысын өмірге бейімдеп, қоғамға пайдалы азамат етіп тәрбиелеуге бар күш-жігерін жұмсайтын адам.

Мұғалім – ел болашағының кепілі. Сондықтан бүгінгі ұстаздың еңбегін қадірлеу, оны қолдау – баршамыздың парызымыз.

Қолданылған әдебиеттер:

1. Назарбаев Н.Ә. Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру. – Астана, 2017.
2. Әбенбаев С. Педагогика. – Алматы: Дарын, 2019.
3. ҚР «Білім туралы» Заңы. – Астана, 2020.
4. Құнанбаева С.С. Педагогикалық шеберлік негіздері. – Алматы, 2021.
5. Әбдікәрімова Т. Қазіргі заманғы білім берудегі инновациялар. – Нұр-Сұлтан, 2022.

PISA ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ЗЕРТТЕУЛЕРІ НЕГІЗІНДЕ ҒЫЛЫМИ- ЖАРАТЫЛЫСТАНУ ФУНКЦИОНАЛДЫҚ САУАТТЫЛЫҒЫН ДАМЫТУ ЖОЛДАРЫ

Жұмағалиева Айгүл Амангелдіқызы
Ақтөбе қаласы, «№42 орта мектебі» КММ-нің физика және информатика пәні мұғалімі

«Әлемде енді ешкім сіздің не білетініңізге ақы төлемейді – Google бәрін біледі – енді сіз білетініңізді қалай қолданатыныңызға байланысты»
Андрэас Шлейкер

PISA халықаралық зерттеуі бағалауға бағытталған оқыту барысында алған білімдері мен дағдыларын қолдана білу өмірлік жағдайлар, проблемаларды шешудегі құзыреттілік, олар белгілі бір оқу бағдарламаларымен тікелей байланысты емес пәндер немесе білім беру салалары. Құралдар жинағы зерттеулердің мақсаты: қалыптасуды бағалау проблемаларды шешудегі жалпы білім беру дағдылары оқушылар өмірде кездескен жағдайда қазіргі қоғамда тиімді қолдану.

Бұл 15 жастағы оқушылардың функционалдық сауаттылығын және олардың алған білімдерін іс жүзінде қолдану қабілетін бағалайтын беделді халықаралық зерттеу. Тестілеу әр үш жыл сайын өткізіледі, ал 2022 жылы Азияның дамыған елдерінің оқушылары үздік нәтиже көрсетті: Сингапур – 560, Макао – 535, Тайвань және Жапония – 533. Еуропа елдерінің арасында әлемдік рейтингте жетінші орында тұрған Эстония 515 орташа баллмен көш бастап тұр.

Нәтиже сөзсіз назар аударуға және талдауға лайық және оны талдамас бұрын, өткен жылдардағы еліміздің көрсеткіштеріне қатысты жағдайды қарастырайық.

2009 жылы Қазақстан алғаш рет PISA тестілеуіне қатысты, ол ұлттық білім беру жүйесінің әлемдік стандарттардан айтарлықтай артта қалғанын анықтады. Тестілеудің негізі оқушылардан мәтіндерді оқып қана қоймай, сонымен қатар әртүрлі көздерден алынған ақпаратты талдау және байланыстыру қабілетін талап ететін оқу сауаттылығы болды. Орташа балл 1000 мүмкіндіктің 390-3 құрады және студенттердің тек 0,4% - ы қиын тапсырмаларды сәтті орындады.

2018 жылы Қазақстанның PISA тестілеудегі нәтижелері танылды, бірақ сонымен бірге оқушылардың сауаттылық деңгейінің жалпы төмендеуі байқалды. Математика бойынша 423 балл, жаратылыстану пәні бойынша – 397, оқу сауаттылығы бойынша – 387 балл жиналды. Оқушылардың көпшілігі қиындықтың бірінші немесе екінші деңгейін ғана жеңді.

2022-жылдың нәтижесі бойынша 50-шы орынға жетті. Көріп отырғаныңыздай, біздің білім беру жүйесіндегі ең проблемалық аймақ – оқу сауаттылығы. Сондай-ақ, есепте 2018-2022 жылдар аралығында оқу сауаттылығы бойынша ең жоғары балл жинаған оқушылар мен ең әлсіз оқушылар арасындағы алшақтық артты делінген. 2012 жылмен салыстырғанда оқуда екінші базалық деңгейден төмен балл жинаған оқушылар саны 6% - ға өсті (PISA-да барлығы алты деңгей бар). Сонымен, бұл төмен деңгейді Қазақстандағы оқушылардың тек 36% – ы ғана көрсете алды (Сингапурдағы 89% - дан, 74% - ЭЫДҰ бойынша орташа көрсеткіш). Есепте бұл оқушылар негізгі идеяны шағын мәтіннен анықтай алады, нақты түрде берілген ақпаратты таба алады, мәтіндердің мақсаты мен формасы туралы оларға нақты нұсқау берілген кезде ғана ойлана алады делінген.

PISA зерттеуіндегі жаратылыстану сауаттылығымен жаратылыстану ғылымдарын қолдану қабілеті түсініледі және проблемаларды анықтайды, негізделген қорытынды жасай отыра, қоршаған әлемді және соларды түсіну үшін қажет адамның іс-әрекеті оған енгізетін өзгерістер және тиісті шешімдер қабылдай алады.

Жаратылыстану білімі мен дағдылары PISA зерттеуінде бағаланады, келесі жаратылыстану циклі пәндерін зерттеп: физика (астрономия элементтерімен), биология, химия, география қалыптасырады

PISA жаратылыстану тесттері арқылы жаратылыстану ғылымдары бойынша білім мазмұнының тек белгілі бір бөлігін ғана бағалауға болады. Бағаланатын білім мазмұны физика, химия, биология, Жер және ғарыш туралы ғылымдар сияқты негізгі ғылым салаларынан таңдалады. Солай бола тұра пәндік білім:

- нақты өмірлік жағдайларға қатысы бар
- бекітілген және пайдалылығы бар басты теориялардың ең маңызды ғылыми концепттерінен тұрады

Ғылымның мәдени жетістігі – біздің табиғат әлемі туралы түсінігімізді өзгерткен түсіндірме теориялар жиынтығы болып табылады. Сондықтан адамның материалдық дүниеде болып жатқан құбылыстарды түсіндіру құзіреті, ғылымның осы негізгі идеяларын білумен байланысты.

Білім алушылар төмендегі қабілеттерді көрсете отырып, табиғи және технологиялық құбылыстар мен мәселелердің түсіндірмелері мен шешімдерін тануы, құруы, қолдана және бағалай алуы керек:

- Тиісті жаратылыстану ғылымының білімін еске түсіру және қолдану
- Ақпаратты әртүрлі формада пайдалану және оны түрлендіру

- Тиісті ғылыми болжамдар мен шешімдерді жасау және негіздеу
- Модельдерді анықтау, құрастыру және бағалау
- Материалдық дүниедегі құбылыстарды түсіндіретін гипотезаларды тану және дамыту

Білім алушылардың жаратылыстану ғылымдарын білу дегеніміз – ғылыми ізденіс жүргізу талпынысын, оның ішінде оның қоғамда бағалануын және оның нәтижелерін жариялау сияқты міндеттемесін түсінуін білдіреді.

Білім алушылар ғылыми зерттеулерді құрып, оларды бағалап және оларға баға беріп, мәселелерді ғылыми тұрғыдан шешу жолдарын және деректерді қалай түсіндіруді біліп, келесі қабілеттерді көрсетуі керек:

- берілген ғылыми зерттеудің сұрағын анықтау
- тиісті эксперименттік дизайнды ұсыну
- эксперименттік дизайнның сұраққа жауап беру үшін дұрыс таңдалғандығын бағалау
- әртүрлі формада ұсынылған деректерді түсіндіру, деректерге сүйене отырып тиісті қорытындылар жасау және олардың құндылығын бағалау

Қоғам үшін жаратылыстану ғылымы білімінің ықтимал салдарын түсіндіру.

Соңғы он жылдықта ақпараттың көлемі мен ағыны және адамдардың осы ақпаратқа қол жеткізу мүмкіндігі бойынша бұрын-соңды болмаған өсу орын алды. Өкінішке орай, шынайы және сенімді ақпарат ағынымен қатар қате ақпараттың, тіпті жалған ақпараттың көбеюі байқалады. Дұрыс және бұрмаланған ғылыми ақпаратқа келетін болсақ, барлық азаматтарға ғылымға қатысты кез келген мәселенің айналасындағы ақпараттың сенімділігі мен құндылығын бағалау үшін құзырет қажет.

«Ғылыми» деп мәлімделген ақпарат бойынша ешқандай нақты дәлелдер болмаса да, тіпті оның керісінше сенімсіз екеніне дәлелдер бар бола тұра, адамдардың мұндай ақпаратқа оңай сенуі алаңдатады. Ғылыми білімі бар адам мүдделер қақтығысының бар-жоғын, қалыптасқан ғылыми консенсус бар-жоғын және дереккөздің тиісті сараптамадан өткендігін сұрауға тырысатын скептикалық позицияны дамытудың маңыздылығын түсінуі керек.

Бұл құзіреттің негізінде ғылымның қоғамдық құрылым екенін және оның мінсіз емес екенін түсіну жатыр. Жеке ғалымдар немесе топтар қателесуі мүмкін болса да, қауымдастықтың шығарған консенсусы сенімдірек, өйткені ол бірнеше қайта тексерістен өткен қауымдастықтағы кең ауқымды сараптаманың жемісі болып табылады.

Білім алушылар келесі қабілеттерді көрсете отырып, әртүрлі формадағы және контексттегі ғылыми ақпаратты, мәлімдемелер мен дәлелдерді зерттеп, бағалауы және тиісті қорытындылар жасауы керек:

Адамдар физика және өмір туралы ғылымдар, Жер және ғарыш ғылымдарының тұжырымдамаларының құрылымын түсінуі керек және оларды білім элементтері өзара тәуелді және пәнаралық контексте қолдануы керек деген идеяны жеткізу үшін білім мазмұнының дескрипторларындағы "ғылымның" орнына "жүйелер" терминін қолданады.

- Заттың құрылымы мен қасиеттері (мысалы, дене моделі, байланыс, күйдің өзгеруі, жылу және электр өткізгіштік)
- Заттың химиялық өзгерістері (мысалы, химиялық реакциялар, энергияны тасымалдау, қышқылдар / негіздер)
- Қозғалыс пен күштер (мысалы, жылдамдық, үйкеліс) және қашықтықтағы әрекет (мысалы, магниттік, гравитациялық және электростатикалық күштер мен өзара әрекеттесулер)
- Энергия және оның берілуі (мысалы, сақтау, дисперсия, химиялық реакциялар)
- Энергия мен заттың өзара әрекеттесуі (мысалы, жарық пен радиотолқындар, дыбыстық және сейсмикалық толқындар, көмірқышқыл газын сіңіру)

- Организм ұғымы (жануарларды, өсімдіктерді және микроорганизмдерді қоса алғанда, (мысалы, вирустар, бактериялар)
- Гендер (мысалы, экспрессия, тұқым қуалаушылық, биотехнология) және олардың қоршаған ортамен өзара әрекеттесуі
- Жасушалар (оның құрылымы мен қызметі, энергиясы, тыныс алуы (көміртектің тотығуы), фотосинтезі (көміртектің бекітілуі), өсуі және т. б.)
- Өсімдіктер мен жануарлар жүйелері (мысалы, қан айналымы/тасымалдау, көбею, тыныс алу, тасымалдау, бөлу, ас қорыту/тамақтану) және олардың өзара байланысы
- Биологиялық эволюция (биоәртүрлілік, генетикалық вариация, бейімделу және табиғи сұрыпталу)
- Экожүйелер (мысалы, зат пен энергия ағындары, қоректік тізбектер, тіршілік ету ортасы, ластану сияқты экологияның бұзылуы)
- Биосфера (мысалы, жаһандық экожүйедегі тұрақтылық)
- Адамдардың өзара әрекеттесуі және олардың қоршаған ортаға, басқа түрлерге, тұрақтылыққа әсері
- Жер жүйелерінің құрылымдары (мысалы, атмосфера, гидросфера, геосфера мысалы, плиталар тектоникасы, сейсмология)
- Минералды ресурстардың шектеулілігі, оларды пайдалану және пайдаланудың қоршаған ортаға әсері
- Жер жүйелеріндегі энергия (мысалы, энергия көздері, ғаламдық жылыну, плиталар тектоникасы, геологиялық циклдар, су айналымы)
- Сумен қамту және қоршаған ортаны қорғау (мысалы, тұщы су, сулы қабат)
- Жер жүйелерінің өзара әрекеттесуі мен өзгеруі (мысалы, климаттың өзгеруі, геохимиялық циклдар, жасампаз және жойқын күштер, мұхиттың қышқылдануы)
- Жер тарихы (мысалы, қазба қалдықтары, шығу тегі және эволюциясы, эрозия және шөгінділер)
- Ғарыштағы Жер (мысалы, ай фазалары, күн жүйелері, галактикалар)
- Ғаламның және Күн жүйесінің пайда болуы (мысалы, жұлдыздардың эволюциясы, планеталардың пайда болуы, үлкен жарылыс теориясы)

Қазіргі уақытта қоғамда ақпарат көздерінің басым бөлігі интернеттен болса, оның ішінде жаратылыстану ғылымы басым болып келеді, бұл білім алушыларға «шешім қабылдау және әрекет ету үшін ғылыми ақпаратты зерттеуге, бағалауға және пайдалануға» үйрету маңыздылығын айқын көрсетеді.

Пайдаланған әдебиеттер:

1.PISA халықаралық зерттеуі. Әдістемелік құрал –Астана: НЦОКО, 2012, 114б.

2. PISA 2025 жаратылыстану ғылымдарының тұжырымдамасы (oecd.org)

3. Білім сапасын бағалау федералды институтының сайты https://fioco.ru/pisa

4. Оқу сауаттылығын бағалау. Материалдар / / білім беру сапасын бағалау орталығы электрондық ресурс+. URL: http://www.centeroko.ru/public.html#pisa_pub, Цукерман Г. А

«ҮЗДІК ҚАЛАМ» РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ТАНЫМДЫҚ ӘДІСТЕМЕЛІК ЖУРНАЛ
REPUBLICAN SCIENTIFIC AND EDUCATIONAL, METHODICAL JOURNAL
РЕСПУБЛИКАНСКИЙ НАУЧНО-ПОЗНАВАТЕЛЬНЫЙ, МЕТОДИЧЕСКИЙ ЖУРНАЛ

PAIR WORK ЖӘНЕ GROUP WORK АҒЫЛШЫН ТІЛІН ОҚЫТУДА РӨЛІ

Исатаева Нургул Ануарбековна
«Ақтөбе қаласының білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің
«Фариза Оңғарсынова атындағы №41 мектеп-гимназия» КММ-нің
ағылшын пәні мұғалімі

Андатпа. Бұл мақалада жұптық (pair work) және топтық (group work) жұмыс әдістерінің ағылшын тілін оқытудағы рөлі мен тиімділігі қарастырылады. Теориялық негіздері, зерттеушілердің деректері, практикалық қолданылу мысалдары беріледі. Бұл әдістер тілдік дағдыларды — тыңдау, сөйлеу, оқу, жазу — кешенді дамытуға, оқушылардың мотивациясын арттыруға, коммуникативтік қабілетін қалыптастыруға ықпал етеді. Мақала сондай-ақ мұғалімдерге тапсырмаларды ұйымдастыру және бағалау бойынша ұсыныстар береді.

Кілт сөздер: Pair work, Group work, коммуникативтік оқыту, ынтымақтастықта оқыту.

Annotation. This article examines the role and effectiveness of pair work and group work in teaching English as a foreign language. It provides a theoretical overview, research findings, practical examples, and concrete teaching recommendations. The study demonstrates how collaborative methods enhance language skills (listening, speaking, reading, writing), boost student motivation, and foster communicative competence. The article also offers pedagogical guidelines for teachers on how to design and assess pair and group activities effectively.

Key Words: Pair work, Group work, Communicative teaching, Collaborative learning, English language skills

Кіріспе. Бүгінгі күнде ағылшын тілі — жаһандық қатынас тілі. Бұл тілді тиімді меңгеру үшін традициялық «мұғалім — оқушы» моделінен гөрі оқушылардың өзара қарым-қатынасына, тілдік практикаға басымдық беретін заманауи әдістер қажет. Осындай әдістердің бірі — жұптық (pair work) және топтық (group work) жұмыстар. Олар оқушылардың белсенді қатысуын, тілдік шеберлікті, коммуникативтік дағдыларды дамытуға ерекше мүмкіндік береді.

Әсіресе, жұптық және топтық жұмыстар — тіл үйренушілерге жаңа сөздер мен құрылымдарды өмірлік жағдайларда қолдануға, бір-бірімен тәжірибе алмасуға, қателіктерден қорықпай сөйлеуге жағдай жасайды. Бұл — тек оқыту әдісі ғана емес, мотивацияны, сенімділікті және сөздік қорды байытуды қамтамасыз ететін педагогикалық құрал.

Мақалада pair work және group work әдістерінің теориялық негіздері, зерттеушілердің деректері, практикалық қолданылу үлгілері, тиімділігі мен мүмкін қиындығы қарастырылады. Сондай-ақ, мұғалімдерге арналған әдістемелік ұсынымдар ұсынылады.

Коммуникативтік тәсіл (Communicative Language Teaching). Қазіргі шет тілін оқыту теориясында басым бағыт — Communicative Language Teaching (CLT). Бұл әдістің негізгі мақсаты — оқушыларды грамматикалық дұрыс сөйлеуге емес, шынайы өмірлік жағдаяттарда тіл арқылы қарым-қатынас жасауға үйрету. CLT тілдік дағдыларды интеграцияланған түрде дамытуға негізделеді: тыңдау, сөйлеу, оқу, жазу. Жұптық және топтық жұмыстар — сол коммуникативтік мақсаттарға жетудің тиімді құралдары.

Эпистемикалық және әлеуметтік динамика. Заманға сай зерттеулер — топтық жұмыстың тек тілдік емес, әлеуметтік-ғылыми дағдыларды да дамытатынын көрсетеді: топ ішінде білімді бірлесіп құру, идея алмасу, сын тұрғысынан ойлау, мәселе шешу, әріптестік – барлығы бірге жүзеге асады. Мұндай

тәсіл теориялық тұрғыдан білім берудің конструктивтік моделімен сәйкес келеді.

Психологиялық әсері: қорқыныш, сенімділік, мотивация. Жұп пен топтағы жұмыс оқушыларға тартымды орта мен қолдау сыйлайды. Олар өздерінің қателігін ашық көрсете алады, бір-бірінен үйренеді, үздіксіз сөйлеу тәжірибесін жинайды. Соның арқасында тілге деген талпыныс, өзін-өзі сенімділік артады.

Зерттеу нәтижелері мен тәжірибелік деректер

• Бір мақалалар топтамасында pair work-тің сөйлеу шеберлігін, сөздік қорды байыту мен мотивацияны арттыруға ықпал ететіні анықталған.

• Басқа зерттеулерде жұптық және топтық жұмыстың тыңдалым, сөйлеу, оқылым қабілеттерін кешенді дамытуға қолайлы екендігі көрсетілген, себебі оқушылар бір-бірімен кері байланыс береді, бірге талқылайды, ортақ нәтижеге ұмтылады. Classroom (сыныптағы) бақылаулар барысында — pair/group work арқылы өткізілген сабақтарда оқушылардың белсенділігі, ынтымақтастығы, еркін сөйлеуі байқалды. Бұл өз кезегінде тіл практикасы көлемінің ұлғаюына және тілдік қор мен шеберліктің жылдам дамуына әкелді.

• Сонымен қатар, топтық және жұптық тапсырмаларды дұрыс ұйымдастырған жағдайда — сыныптағы әртүрлі деңгейдегі оқушылар бірдей табысқа жеткен. Артықшылығы — әр оқушы деңгейінен асатындай жеке тәсіл қолдану мүмкіндігі.

Мысалдар: сабақта қолдану:

1. Жұптық рольдік сөйлесу (Pair role-play): «At the shop», «At the restaurant» — бір сөйлемдік диалогтарды жұппен әзірлеп, орындау. Мұғалім топ арасында бақылап, қателерді жазып алады, соңында жалпы талқылайды.

2. Топтық жобалық жұмыс (Group project): 3–4 адамнан құралған топтар жаңа тақырып бойынша шағын жоба дайындайды (мысалы, «Менің ауылым», «Сүйікті мейрамым»), әр оқушы өз бөлігін жазады, кейін жоба бойынша презентация жасайды.

3. Listening / Reading — жұп + топ талқылауы: Аудио немесе мәтін оқылады, кейін жұппен сұрақ-жауап, содан соң топ ішінде пікір алмасу.

4. Қателерді түзету Reflexive feedback: Топтық тапсырма соңында әр топ өз ішіндегі қателерді талқылайды, ұсыныстар береді.

Артықшылықтар және мүмкін қиындықтар.

Артықшылықтары:

• Тілдік дағдыларды белсенді әрі көпірек дамыту.

• Коммуникативтік дағдылар, ынтымақтастық, әлеуметтік жауапкершілік.

• Мотивация, сенімділік, тілге деген қызығушылық.

• Дифференциация — әр деңгейдегі оқушыға сәйкес тапсырмалар.

Қиындықтар:

• Сыныпта үлкен оқушы саны болса, жұп/топ жұмысы қиын ұйымдасуы мүмкін.

• Қадағалау мен бақылауды мұғалім дұрыс ұйымдастырмаса — жұмыс нәтижесіз болуы ықтимал.

• Шулы орта, тәртіпсіздік — кейде сабақтың ұйымдасқандығын қажет етеді

Ұсынымдар, мұғалімге кеңестер,

1. Сабақтың мақсатына сәйкес — жұптық немесе топтық жұмыс түрін дұрыс таңдау.

2. Тапсырмаларды алдын-ала мұқият дайындап, жұп/топтарға рөлдерді анық беру.

3. Жұп/топ жұмысынан кейін міндетті түрде кері байланыс өткізу — қателерді бірге талқылау, дұрыс жауаптарды көрсету.

4. Топ жұмысында ынтымақтастық пен «positive interdependence» қағидаларын қамтамасыз ету — әр оқушының үлесі маңызды екенін көрсету.

5. Тәжірибені әртүрлі — жұп, жұптан топқа, топтан жұпқа — өзгертіп отыру, әр оқушының мінезі мен деңгейін ескеру.

Қорытынды. Pair work және group work — ағылшын тілін оқытуда тілдік дағдыларды кешенді және тиімді дамытуға мүмкіндік беретін қуатты әдістер.

Олар оқушыларды белсендіріп, шынайы коммуникативтік орта қалыптастырады, мотивацияны арттырады, тілге деген қорқынышты азайтады. Сонымен қатар, бұл әдістер әлеуметтік және когнитивтік қабілеттерді дамытып, сыныптағы әр оқушының жеке қабілетін ескеруге мүмкіндік береді.

Демек, ағылшын тілі мұғалімдері сабақты тек грамматикалық жаттығулардан тұрғызбай, жұптық және топтық жұмыстар арқылы оқыту процесін жандандырып, тіл үйретуді тиімді әрі қызықты етуі тиіс.

Әдебиеттер тізімі

1. Каменская, О. Коммуникативная методика преподавания иностранного языка. – Санкт-Петербург: Питер, 2017.

2. Нұртаева, М. Ағылшын тілін жаңа технологиялар арқылы оқыту. – Алматы: Санат, 2020.

3. Пассов, Е.И. Коммуникативный метод обучения иностранным языкам. – Москва: Просвещение, 2021.

ТӘРТІП-ТӘРБИЕНІҢ НЕГІЗІ

Нижанова Шара Жумакызы
Ақтөбе қаласы№10 жалпы білім беретін орта мектебінің бастауыш сынып мұғалімі

Тәрбие – бала бойындағы адами құндылықтарды қалыптастырудың негізі. Ал тәрбиенің басты өзегі – тәртіп. Тәртіп – баланың өзін-өзі басқаруға, жауапкершілікке, ұқыптылық пен сабырлыққа үйрететін маңызды қасиет. Атақты ғұлама Әл-Фараби: "Тәртіпке бас иген құл болмайды, тәртіпсіз ел болмайды" деген. Бұл сөздің өзі тәртіптің қоғам үшін де, жеке адам үшін де қаншалықты маңызды екенін білдіреді.

Мектеп жасындағы балалар үшін тәртіп — оқу үлгерімінің де, адамгершілік тәрбиесінің де кепілі. Сабаққа кешікпеу, ұстазды тыңдау, тазалық сақтау, өзгеге кедергі келтірмеу — осының бәрі күнделікті тәртіптен көрініс табады.

Мұндай ұсақ дағдылар баланың болашақта ұқыпты, жауапты азамат болып өсуіне негіз болады.Тәртіпті оқушы – әрдайым мұғалім мен сыныптастарына үлгі. Ол өз міндетін орындайды, ережеге бағынады және айналасына сыйластықпен қарайды. Ал тәртіпсіздік – тәрбие жұмысының әлсіздігінен, бақылаудың жеткіліксіздігінен туындайды.Тәртіпке баулу – тек мұғалімнің міндеті емес, ата-ана, қоғам, бала ортасы – бәрі бірлесе жұмыс істеуі қажет. Үйде берілген тәрбие мен мектептегі талап бір-бірімен үндессе, бала бойында мықты тәртіп қалыптасады.Бүгінде қоғамда теріс әрекеттер,тәртіп бұзушылықтар орын алуда.Оның бір себебі-бала кезден дұрыс тәрбие мен тәртіптің болмауы.Сондықтан тәрбие жұмысында ең алдымен тәртіпті басты назарға қоюымыз керек.Оқушының тәртібін тек жазамен емес,мейіріммен,түсіндірумен,үлгімен түзету қажет. Тәрбие – адам бойындағы асыл қасиеттерді қалыптастырудың үздіксіз үдерісі. Ал сол тәрбиенің алтын арқауы – тәртіп. Тәртіп бар жерде даму, білім, бейбітшілік, бірлік бар. Тәртіпсіз қоғам – әлсіз қоғам. Сондықтан да кез келген отбасыда, балабақшада, мектепте, тіпті қоғамда тәртіпке ерекше мән беріледі.

Баланың тәрбиесі ең алдымен отбасынан басталады. Үлкенді сыйлау, амандасу, тазалықты сақтау, айтқанды тыңдау сияқты қарапайым дағдылар тәртіпке жатады. Бала осы қарапайым

ережелерді отбасында көріп өссе, мектептегі тәртіпке де оңай үйренеді.

Мектеп – тәрбие мен білімнің ордасы. Мұнда оқушы тәртіп арқылы өз ойын реттеуді, өзін ұстауды, уақытты тиімді пайдалануды үйренеді. Сабақ кезінде сөйлемеу, уақытында келу, тапсырманы орындау – барлығы тәртіптің көрінісі. Тәртіпті бала – ұстаздың да, ата-ананың да қуанышы. Ал тәртіпсіздік – баланың дамуына кедергі келтіретін фактор.

Тәртіп – жауапкершілікке бастар жол. Жас ұрпақтың бойына бұл қасиетті сіңіру үшін ата-ана мен мұғалім тығыз байланыста жұмыс істеуі қажет. Бала неғұрлым ерте тәртіпке үйренсе, соғұрлым болашағы жарқын болады.

Бүгінгі ақпараттық заманда балалардың қызығушылығы, мінезі де өзгеруде. Сондықтан ата-ана өз баласының ішкі әлемін түсініп, онымен бірге дамуы керек. Баланың күнделікті сабағына, досына, қызығушылығына мән беру – ата-ананың басты міндеті. Әр бала ата-ананың назарын, махаббатын, қолдауын сезінгенде ғана өзін сенімді әрі бақытты сезінеді.

Бала жаны кіршіксіз пәк. Ол ата-анасының, тәрбиешісінің, мұғалімнің сөздерін жанына жақын қабылдайды. Бала отырған жерде ғайбатсөйлеуден аулақ болу керек. Бала үшін ата-анадан артық ешкім жоқ. Ол үшін ең жақсы, ең мейірімді–өз ата-анасы. Балаға өтірік айтып, уәдесін орындамай, бала тілегімен санаспаса ол сенімнен қалады. Бала қашанда түсінушілікті, мейірімділікті қажет етеді. Ол өзінің ата-анасына қажеттілігін түсінуі керек. Ол алғашқы қадам жасап, тілі шыққаннан бастап шыдамдылықты, махаббатты қажет етеді. Көбінесе баланың көңіл-күйінен сол отбасындағы қарым-қатынас аңғарылып тұрады. Үйдегі түсініспеушіліктер мінезіне теріс ықпал етеді. Үй ішінде баламен әңгімелесіп оның ой-тілегімен санасып отыру да маңызды. Баласын қатал ұстайтын ата-ана кейде асыра сілтеп жатады. Осыдан келіп бала бойында сенімсіздік, жасқаншақтық, тіпті кейде бет-аузын жөнсіз қимылдату сияқты ерсі қылықтар қалыптасады. Есейгенде де осы әдеттер қалып қоюы мүмкін. Ата мен ана – бала тәрбиесінің қамқоршысы, өнегесі. «Ата – асқар тау, Ана – бауырындағы бұлақ, Бала – жағасындағы құрақ» – деп, ата – ана, баланы табиғаттың тамаша құбылыстарына теңеген халық мақалына қайран қаласың.

Қорытындылай келе, ата-ана – баланың алғашқы ұстазы, ең жақын досы және тәрбиешісі. Егер әр ата-ана өз баласына көңіл бөліп, жақсы тәрбие беруге тырысса, онда қоғамымызда тәрбиелі, саналы ұрпақ өсері анық. Бала – ата-ананың өмірдегі ізін жалғар мұрагері екенін ұмытпайық.

ОСОБЕННОСТИ ПОДГОТОВКИ ДОМАШНЕГО ЗАДАНИЯ ПО СОЛЬФЕДЖИО В 1 КЛАССЕ



Омирзакова Аккенже Мухамеджановна
педагог-репетитор по сольфеджио
заведующая пришкольным интернатом
РГУ РССМШИ для одаренных детей
имени Куляш Байсеитовой

В статье рассматриваются методические особенности организации домашнего задания по предмету «Сольфеджио» в 1 классе. Раскрываются содержание и структура домашних упражнений, подходы к их объяснению и проверке, а также методические принципы, способствующие развитию у учащихся музыкального слуха, чувства ритма, начальных вокальных и слуховых навыков, нотной грамотности и музыкального мышления. Отдельное внимание уделено возрастным особенностям первоклассников и роли родителей в домашней работе. Материал предназначен для педагогов, молодых специалистов и учреждений дополнительного образования.

Первый год обучения сольфеджио — важнейший этап музыкального развития ребёнка. В 1 классе формируются базовые представления о звуке, нотах, ритме и мелодии. Именно здесь закладывается фундамент, на котором в дальнейшем строится грамотное пение, умение слышать и понимать музыку, способности к анализу и творчеству.

Домашнее задание в этот период играет особую роль. Оно помогает закрепить материал, развить самостоятельность, сформировать устойчивые навыки и вернуть ребёнка к музыкальным впечатлениям уже вне урока. Правильно организованная домашняя работа не перегружает, а поддерживает интерес и развивает музыкальную культуру учащегося.

1. Цели и задачи предмета «сольфеджио». Главная цель преподавания сольфеджио в 1 классе — сформировать у ребёнка первичное музыкальное восприятие и основы музыкальной грамотности, развить слух, чувство ритма и начальные вокальные навыки.

Основные задачи:

1) Познакомить учащихся с нотной азбукой, научить узнавать и называть ноты.

2) Развивать умение различать высоту звука и его движение (выше/ниже).

3) Формировать навыки чтения, проговаривания и записи простых ритмических рисунков.

4) Развивать интонирование, слуховое внимание и чувство ладового звукоряда.

5) Подводить к пониманию элементарного музыкального диктанта.

6) Развивать музыкальную память, образное мышление и внимание.

7) Закреплять изученный материал посредством систематических и посильных домашних заданий.

2. Особенности подготовки домашнего задания. Первоклассники отличаются образностью мышления, потребностью в игре, быстрой утомляемостью и потребностью в повторении материала малыми дозами. Поэтому домашнее задание должно быть:

- коротким (не более 10–15 минут);
- понятным ребёнку и родителям;
- насыщенным наглядными элементами;
- основанным на игровом подходе;
- регулярным, но не перегружающим;

• направленным на закрепление навыков, а не на изучение нового материала.

Важно не просто выдать задание, а объяснить его смысл и ожидаемый результат. Подробная инструкция в тетради и рекомендации родителям делают процесс обучения более эффективным и комфортным.

3. Виды домашнего задания. Домашние задания в 1 классе должны охватывать несколько направлений музыкального развития, но быть простыми и доступными.

3.1. Нотная грамота:

• написание нотных линеек;

• запоминание нот До–Соль;

• переписывание коротких нотных примеров;

• определение направления движения мелодии.

3.2. Ритм:

• хлопки по простым ритмическим схемам;

• проговаривание ритма («та», «ти-ти»);

• счёт двух- и трёхдольных размеров;

• игровые задания на узнавание ритма.

3.3. Пение:

• разучивание коротких детских песен;

• исполнение звукоряда до-ре-ми;

• элементарные упражнения на интервалы.

3.4. Элементы музыкального диктанта. В 1 классе диктанты не записываются, но выполняются подготовительные упражнения:

• определение длинного и короткого звука;

• различение направления мелодии;

• определение количества звуков.

3.5. Навыки слушания

• определение настроения музыкального фрагмента;

• игра «Узнай инструмент»;

• прослушивание музыкальных сказок и миниатюр.

4. Методические подходы.

4.1. Наглядный метод. Карточки, цветные линейки, картинки, аудиофайлы — всё это помогает ребёнку легче воспринимать музыкальные понятия, связывая их с конкретным визуальным образом.

4.2. Игровой метод. Для первоклассников игра — естественный способ учиться. Игры делают обучение эмоциональным и мотивирующим:

• «Где спряталась нота?»

• «Повтори ритм»

• «Поставь ноты по порядку»

4.3. Метод повторения. Регулярное повторение небольших фрагментов позволяет формировать устойчивые навыки и уверенность ребёнка.

4.4. Дифференциация. Для детей разной подготовленности рекомендуется три уровня заданий:

• базовый минимум (обязательно);

• задания средней сложности;

• творческое задание по желанию.

5. Алгоритм организации домашнего задания.

1) Объяснение задания в конце урока — чётко и коротко.

2) Запись краткой инструкции в тетради.

3) При необходимости — выдача аудиозаписей.

4) Небольшая памятка для родителей.

5) Проверка задания в игровой форме на следующем уроке.

6) Объективный разбор ошибок и индивидуальные рекомендации.

6. Образец домашнего задания (1-я неделя).

1) Ноты:

• написать ноты До–Соль по линеечкам;

• прочитать их вслух.

2) Ритм:

• хлопать ритм из 4 тактов;

• проговаривать слоги «та – ти-ти».

3) Пение:

• повторить песню «Кукушка» (высота — по образцу педагога или аудиозаписи).

4) Слушание:

• послушать короткую пьесу и описать настроение (2–3 слова).

